



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

Құрметті қазақстандықтар!

Мен бүгін еліміз үшін маңызды шешім қабылдағалы отырмын.

Өткен жылдардағы әлеуметтік-экономикалық ахуал тұрақты болды.

Бұл – әрине, жақсы кезең. Бірақ, бұл қазіргі уақыт талабы үшін жеткіліксіз.

Мен ұсынған Үшінші жаңғыру және «100 нақты кадам – Ұлт жоспары» құрылымдық реформаларды жедел жүзеге асыруға бағытталды.

Бес институционалдық реформаның толық іске асырылуы шағын және орта бизнестің үлесін түбегейлі арттыруға және мемлекеттің экономикаға араласу үлесін төмендетуге, банктерді «азартуға», соттарға және құқық қорғау жүйесіне деген сенімді арттыруға тиіс.

Қабылданған заңдарға, Үкімет шешімдеріне қарамастан, экономиканың көптеген бағыттары бойынша оң өзгерістерге қол жеткізілмеді.

Ішкі жалпы өнім негізінен шикізат ресурстары есебінен қамтамасыз етілді.

Бірақ, Үкімет пен Ұлттық банк ел экономикасын сапалы дамытуға серпін беретін нақты құралдарды толыққанды жасап шығара алмады.

Мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру барысына жасалған талдау қорытындысы олардың орындалып жатқанын көрсеткенмен, көптеген маңызды бағыттар бойынша нақты нәтижелердің жоқ екенін аңғартты.

Өнімді жұмыс орындары жеткілікті түрде ашымай отыр. Бұл әсіресе ауылдық жерлерге қатысты. Шағын және орта бизнес өсімін қозғатуы күшіне және оны дамыту ісі әкімдер мен министрлердің негізгі міндетіне айналмады.

Мен тұрғындардың табысы мен тұрмыс сапасы әрбір Үкімет мүшесі мен әрбір әкімнің



жұмысындағы негізгі басымдық болу керек деп бірнеше рет айттым.

Екі жыл бұрын біз конституциялық реформа жүргіздік. Осыған орай Үкімет әкімдермен бірге әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешіп, оған жауап беру үшін барлық тиісті

өкілеттік пен дербестікке ие болды.

Индуриалды, әлеуметтік, инфрақұрылымдық даму, денсаулық сақтау және білім беру салаларын дамытуға қатысты барлық қажетті мемлекеттік бағдарламалар қабылданды. Оларды жүзеге асыру үшін

қажетті қаржы бөлінді. Дегенмен, жүйелі жұмыс жүргізілмеді. Тұрғындардың нақты табысы өспеді. Отбасылардың бюджетінде азық-түлікке деген шығын көлемі арта түсті.

Атқарушы органдардың салтыртығына әлеуметтік тұрғы-

дан аз қамтылған тұрғындардың бір бөлігі атаулы әлеуметтік көмекпен қамтылмаған.

Оның үстіне Үкімет мүшелері, министрлер, әкімдер халықпен жұмыс істей алмады, сондай-ақ жұртшылықтың проблемаларына құлақ асып, атқарылып жатқан істер мен саясатты түсіндіру жұмыстарын жүргізуге шамасы келмеді.

Бұл ретте, мен ел Президенті әрі Конституцияның кепілі ретінде халықтың мүддесін ескере отырып, мынадай шешім қабылдадым.

Үкімет отставкаға кетуге тиіс деп санаймын.

Үкіметтің жаңа басшылығы өмір сүру деңгейін арттыруға, экономиканы ынталандыруға, стратегиялық міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған нақты шаралар әзірлеуге тиіс.

Мен «Нұр Отан» партиясының жақында өтетін съезінде әлеуметтік қолдауды күшейтуге және азаматтардың тұрмыс сапасын арттыруға арналған бірқатар шаралар ұсынамын. Осы мақсатпен бюджеттен және Ұлттық қордан қосымша қаржы бөлінінін болады.

Бұл қаражат мынадай міндеттерді шешуге бағытталды:

– аз қамтылған азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсету ісін күшейту;

– халықтың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтарының баспана жағдайын жақсарту мүмкіндіктерін арттыру;

– өңірлерді дамыту саясатын түбегейлі өзгерту.

Үкімет пен барлық деңгейдегі әкімдердің жұмысы осы міндеттерді жүзеге асыруға бағытталуы тиіс.

Үкімет пен өңірлердің иелігіндегі қаражат көзделген мақсатқа сай жұмсалмай отыр. Мұның бәріне бақылау орнатылады. Осы тақырыптар жөнінде «Нұр Отан» партиясының съезінде толығырақ айтылатын болады.

ҚОЛДАҰ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Ақсуат ауылдық округінің тұрғыны Жәмила Садуоваға жаңа пәтердің кілтін табыстады.

ЖӘМИЛӘ САДУОВАҒА ЖАҢА ПӘТЕР БЕРІЛДІ

«Ақмешіт» орталық мешітінің аумағында досторлі «Жүрек жылуы» қайырымдылық акциясы өтіп, шара аясында аз қамтылған 1600-ден астам отбасына азық-түлік таратылды.

«Жабырқағанның жанынан табылу, шарасызға көмек қолын созу, қайырымдылық жасау – халқымыздың қанына біткен асыл қасиеттердің бірі. Өздеріңіз білесіздер, осыдан бірер ай бұрын, үш бірдей бүлдіршінімізден қапияда көз жазып қалдық. Бұл қайғылы жағдай тек бір отбасының ғана емес, тұтас елдің қабырғасын қайыстырып, еңсемізді түсірді. Бірақ, Алланың ісіне амал бар ма?! Халқымызда «Қайғыны бөліссен азияды...» деген сөз бар. Олай болса, сол үш бүлдіршініміздің анасы Жәмила Садуова қарындасымызға Сырдария өзенінің сол жағалауындағы жаңа қаладан 2 бөлмелі пәтердің кілтін табыстаймыз», – деді аймақ басшысы.

Сондай-ақ, жергілікті кәсіпкерлер мен қоғам белсенділерінің демусілігімен 1600-ден астам аз қамтылған отбасыға азық-түлік таратылды. Қайырымдылық шарасы аясында қаржылық көмек көрсетуді өтінген жандар үшін «Ақмешіт-Сырдария» орталық мешіті аумағында арнайы жәшік қойылды. Әрбір мекенжайға азық-түліктерді жеткізетін көлік

ұйымдастырылды.

Айта кетейік, қайырымдылық шараларын өткізу аймақтың игі дәстүріне айналған.

Көпбалалы отбасыларға қолдау көрсету мақсатында аймақта жүйелі жұмыстар жүргізілуде: аз қамтылған отбасылардың, әсіресе, ауылдық жерден шыққан талапты балаларды оқытуға облыс әкімінің арнайы гранты тағайындалып келеді. Осы білім грантының негізінде 2013 жылдан бастап 900-ге жуық талапты жас еліміздің белді жоғары оқу орындарында білім алуда.

Апаттық жағдайдағы тұрғын үйлер мен жатақханалардың тұрғындары «Орда» бағдарламасы аясында жаңа пәтерге ие болды. Естеріңізге салайық, 2017 жылы аймақтық «Орда» тұрғын үй құрылысына бағытталған Жол картасына бағытталған Жол картасына бағытталған болатын. Бағдарлама шеңберінде 19 жылға дейінгі 35 мыңнан 43 мың тенгеге дейін төлеммен, 20% алтын ала төлемсіз 500 мың тенге кепілдік жарнасы арқылы пәтер алуға болады. Бағдарлама шарттарына сәйкес, баспана кезегінде тұрған көпбалалы және толық емес отбасылар; мүгедек баласы бар немесе мүгедек бала тәрбиелеуші отбасылар; жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар; 1-2 топ мүгедектері; оралмандар; сондай-ақ, 2 жыл некеде тұрған, балалары бар ерлі-зайыптылардың жасы 35-ке толмаған отбасыларға мүмкіндік қарастырылған. Осылайша аймақтық «Орда» бағдарламасы Елбасының «7-20-25» бастамасының жалғасы болып саналады.

Естеріңізге салайық, 13 ақпанда өткен облыс әкімінің есепті кездесуінде аймақ басшысы әлеуметтік аз қамтылған отбасыларды баспанамен қамтуға байланысты арнайы өңірлік бағдарлама әзірлеуді тапсырған еді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі.

ЕЛ ЕЛБАСЫ МӘЛІМДЕМЕСІН ҚОЛДАЙДЫ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан Республикасының Үкіметін отставкаға жіберу туралы Жарлыққа қол қойды.

Уақыт тынысын айқын бағдарлаған Елбасының бұл шешімін Сыр аналары қолдайды. Себебі, бұл шешім елдің әл-ауқатын көтеруге деген мемлекет мақсатының тұрақтылығын, биліктің халық алдындағы жауапкершілігінің жоғары екендігін көрсетеді. Бұл, сондай-ақ, Мемлекет басшысының әрбір отбасында өсіп келе жатқан біздің ұрпағымызға әрдайым қамқорлық көрсетіп, олардың жарқын болашағын қалыптастыру мақсатының баянды екендігіне елдің көзін жеткізеді.

Елбасы Үкіметтің жаңа құрамын қалыптастыруда, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын

жақсартуда оң шешім қабылдайды деп сенеміз.

Жаңа Үкіметтің құрамы Елбасының тапсырмасына сәйкес көпбалалы отбасылардың әлеуметтік жағдайының артуына байланысты нақты, дұрыс шешім қабылдайтынына сенім арттамыз. Сонымен бірге біз алда күтіп тұрған міндеттер мен тапсырмаларды бірлесіп атқару, отбасындағы балаларымызға сапалы білім, саналы тәрбие беру жолында аянбай еңбек етеміз.

Нүрсәуле МҰСАЕВА,
облыстық әйелдер кеңесінің төрайымы,
«Сыр Аналары» қоғамдық қорының құрылтайшысы.

МЕМЛЕКЕТ ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ ШЕШІМ

Мемлекет басшысының Үкіметті отставкаға жіберу туралы мәлімдемесі еліміз үшін өте маңызды шешім деп есептейміз.

«Өткен жылдардағы әлеуметтік-экономикалық ахуал тұрақты болды. Бұл – әрине, жақсы кезең. Бірақ, бұл қазіргі уақыт талабы үшін жеткіліксіз», – деп атап өтті Президент. Индуриалды, әлеуметтік, инфрақұрылымдық даму, денсаулық сақтау және білім беру салаларын дамытуға қатысты барлық қажетті мемлекеттік бағдарлама қабылданды да, көптеген бағыт бойынша оң өзгерістерге қол жеткізу мүмкін болмады.

Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі, оның ішінде табыс пен тұрмыс сапасын арттыру әрдайым Елбасы назарында. Өткен жылғы Жолдау да, әдеттегідей, әлеуметтік салада көп жинақталған қоғамның ең өзекті

мәселелерін шешуге бағытталды.

«Мен тұрғындардың табысы мен тұрмыс сапасы әрбір Үкімет мүшесі мен әрбір әкімнің жұмысындағы негізгі басымдық болу керек деп бірнеше рет айттым. Дегенмен, жүйелі жұмыс жүргізілмеді. Тұрғындардың нақты табысы өспеді. Отбасылардың бюджетінде азық-түлікке деген шығын көлемі арта түсті», – дей келе, Президент мемлекет өміріндегі маңызды шешімді қабылдады.

Ал Үкіметтің жаңа басшылығына өмір сүру деңгейін арттыру, экономиканы ынталандыру, стратегиялық міндеттерді жүзеге асыру жөнінде нақты шаралар әзірлеу міндеттелетін болып отыр. Жаңа құрам осы үдеден шығады деген сенім бар.

Жандос БАЗАРТАЙ,
Қызылорда облысы «Азаматтық Альянсы» қауымдастығының төрағасы.

BÜGING ISANDA

JANSAMAL, QURALAI, AQMARAL

3 >>>

ULY DALADAĞY ULYLYQ

4 >>>

BIZ «KORMEITIN» «QAZAQFILM»

6 >>>

ХАБАРЛАНДЫРУ

2019 жылдың 26 ақпанында сағат 10.00-16.00 аралығында облыс әкімі Қ.Е. Көшербаевтың қатысуымен «Жастарды қолдау бағыттары» тақырыбында интернет-конференция өтеді. Онлайн режимде өтетін конференция барысында облыс әкіміне тақырып аясында қоятын сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңызды <https://dialog.egov.kz/> сілтемесі арқылы жолдауға болатындығын хабарлаймыз. Сонымен қатар, сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңызды жолдау үшін электронды цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) қажет екендігін ескертеміз.

ӨНІР ӨНДІРИСІ

Былтыр ғана Жаңақорған кенті маңынан іске қосылған «Премиум Класс-Строй» ЖШС-на қарасты әк зауыты бүгінде облыстан бөлек іргелес өңірлерге өніммен танымал. Жалпы құны 140 млн теңгені құраған өндіріс жылына 100 мың тонна әк шығарады.

Ержан ҚОЖАСОВ.

Осы кезге дейін өңірге көршілес республикалардан тасымалданып келген әктің шикізат қоры Қаратау қойнауынан шығуда. Серіктестік басшылары «Мелиоратор» ЖШС арқылы келісім жасасып, тау бөктерінен алынған әк тастарды өңдеумен айналысады.

1200 градусық арнайы пеш қондырғылары бар. Сол пеште 4 сағаттай күйдіріліп, шыққан өнім арнайы суытуға жіберіледі. Әктің сапасын сақтау мақсатында арнайы бастырмада жинап, электронды таразымен өлшеніп, бір тонналық қаптарға салынады. Бізде қазір 4 пеш бар. Әр пеште күйдірілген әк тастарын 25 тоннадан есеп-

ҚАЗЫНАЛЫ ҚАРАТАУДЫҢ ҚОЙНАУЫ

тегенде, біз бір тәулікте 100 тонна өнім дайындай аламыз, – дейді өндіріс басшысы Болат Әшірбеков.

Өндірісте үш түрлі әк сорты экспортқа дайындалады. Оның біріншісі үлкен кесекті, көлемі 40/70 болатын әк тастары болса, екіншісі көлемі 5/20 болатын «орешка» деп аталатын өнім және соңғысы әктің ұнтақталған түрі. Жоғары сорт деп танылған өнімнің зауыттағы бағасы 18-25 теңге аралығында. Мұнда қыста 25 адам тұрақты жұмыс істесе, жұмыс

ауқымы ұлғаятын көктем-жаз айларында олардың қатары 50-60 адамға жетеді.

Барлық жұмысшылар жергілікті жердің тұрғындары. Аудандық жұмыспен қамту орталығымен тығыз байланыста. Мамандар жұмысқа сол орталық арқылы қабылданады. Әсіресе, elektrik, лаборант, көлік жүргізушілеріне сұраныс жоғары, – дейді Болат Берікұлы.

Серіктестіктің бүгінгі жоспары – өз өнімдерін экспортқа шығаруды ұлғайту. Қырғыз республикасымен келісім-шарт



дайындалып, келіссөз жүргізілген. Сонымен бірге, Астана, Алматы және өзге облыстардан да тапсырыстар бар. Зауыт өнімі Түркістан облысында да сұранысқа ие.

Тауар сапасына баса мән беретін зауыт аудан экономикасына серпін беріп, өнімнің өтімділігі жағынан да алдыңғы орыннан көрініп отырғаны рас. Қаратаудан шығып жатқан кен ошағының аймақ қазынасын арттырудағы алар орны ерекше.

Жаңақорған ауданы.

SEEZD ALDYNDAGY SÓZ



ЖЕТЕКШІ ПАРТИЯНЫҢ ЖЕМІСТІ ЖЫЛДАРЫ



«Нұр Отан» – өзі құрылған кезден-ақ еліміздің саяси-әлеуметтік ахуалына идеялық демеу болып, ерекше серпін біріп келе жатқан халықтық ұйым. Мен де партияның өмірге келген сәттен бастап онымен бірге келе жатырмын.

Партия жұмысының ашық және әділетті екеніне әркім сенеді. Өйткені, қарапайым жұрт жетекші партия арқылы өз мәселесін шешілетінін жақсы біледі. Осындай жұмыстарға өзін жиі араласып келе жатқандықтан айтып отырмын.

Міне, жақын күндері елордада партияның кезекті XVIII съезі болмақ. Отан Сыр өңірінде қатысатын 61 адамның бірі өзім. Мен бұған дейінгі съезге де делегат болғанмын. Ол кезде биік мінберге шығудың сәті түспеді, осы жолы келеті жүйн төрінен сөйлесем деймін.

Негізі мен партияның облыстық филиалындағы саяси бюро мүшесімін. Мүгедектерді қолдау мәселесі жөніндегі облыс әкімінің кеңесшісімін.

Соңғы жылдары облыста мүгедектерді оңалту мәселесі турғысынан Жол картасы қабылданды, қомақты қаражат бөлініп, ол қажетті бағыттарға жұмсалып отыр. Қоғамның талабы бойынша әр мекеме кем дегенде мүгедектік топтағы

бір адамды жұмысқа қабылдауы тиіс. Аймақта осыған орай 300-ден аса адам жұмысқа орналасты. Бұл мәселе еліміздің өзге аймақтарында көңіл көншітерілік емес.

«Мүгедек» деген ауыр сөз, оны өзінің атына таңбалап, салмағын арқалап жүрудің қандай қиын екенін әр адам сезінеуі мүмкін. Мемлекетіміздің негізгі мақсаттарының бірі – мүгедек жандарды осы салмақтан арылту, олардың өмірге деген құштарлығын арттыру, көңіліне шуақ, өміріне қуат сыйлау. Ол үшін әрбір қамқорлыққа мұқтаж жан жұмысқа орналасуы керек, мемлекет заңдары мұлткісіз орындалуы керек. «Нұр Отанның» осы жағдайларды өз жанынан өткізіп, жаңа бастамаларға ұйтық болып келе жатқанын айтуым ләзім.

Егер маған Астана төрінен сөз сөйлеу бұйырса, осындай жүрежарды ойларымды билік өкілдерінің ортасына саламын.

Өткен бейсенбіде Елбасы халықтың әлеуметтік жағдайын одан әрі оңалту бағытында қабылданған бағдарламалардың жүзеге асырылуындағы кемшіліктерді қаперге салып, ел Үкіметінің отставкаға кететінін мәлімдеді. Бұл шешім елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы жақсара түседі деген жаңа үмітке жетелейді.

Сондай-ақ, «Нұр Отан» партиясы сөзінде де халыққа жағымды жаңалықтар ұсынылып, тың бастамалар қабылданатынына сенімдіміз.

Нұрмұрат ЕРМАНОВ,
Қызылорда облысының құрметті азаматы.

ІЗГІЛІК ЖОЛЫНДАҒЫ ІРГЕЛІ ҰЙЫМ

Биыл «Нұр Отан» партиясының құрылғанына 20 жыл. Партия осы жылдар арасында өз тұғырнамасына сай қызмет жасап қана қоймай, еліміздің дамуы, әлеуметтік-экономикалық, рухани жанаруы жолында барлық бастамалардың қозғаушысы бола білді.

Бүгінгі күні аймақтағы партия филиалы өңірдің өркендеуі жолында жаңашылыққа бет бұрып, Елбасы тапсырмаларының жүзеге асуына, әсіресе білім саласының дамуына кеңінен қолдау жасап келеді. «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында атап көрсетілген үштілі білім беру, бес әлеуметтік бастамадағы студенттер үшін жатақхананы көбейту, білім гранттарының санын арттыру, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы латын көрінісін көшуді жеделдету, цифрландыру сынды Елбасы ұсынған бағдарламалар мен жобалардың жүзеге асуына барынша ықпал етуде. Аймағымыздағы көпбалалы отбасы балалары және әлеуметтік қорғалуды қажет ететін тұлғалар үшін жергілікті бюджет есебінен көмбасшы оқу орындарына грант бөлуі де – партия филиалының ерекше қамқорлығының бірі.

Бұл білім саласындағы партия қолдауымен болып жатқан жарқын істердің бір парасы ғана. «Педагог мәртебесі» туралы Заң жобасына да партия ерекше үн қосқандығын айта кеткеніміз жөн.

Ал, «Жастар жылында» жастарды баспана, жұмыспен қамтуға, олардың волонтерлық қызметпен айналысуына бағытталған бірнеше ауқымды жобаларды жүзеге асыруда партия қолдаушы да, бақылаушы да болары белгілі. Бұл туралы «Жастар жылының» ашылуында Елбасы «Алға қойылған міндеттерді ауқымдандыруда «Нұр Отан» партиясына ерекше міндет жүктеледі. Қолданыстағы жобаларды жүзеге асыруға бақылау орната отырып, партия жастар саясатының драйверіне айналуы тиіс», – деп ерекше атап көрсетті.

Жарқын істерімен халық жүрегінен жол тапқан «Нұр Отан» қазір



нағыз халықтық партияға айналды. Қарапайым халықтың күрмеуі шешілмей тұрған мәселесін айтып, партияға жүгінуді үрдіске айналды. Мұның өзі жұртшылықтың партияға деген сенімінің артқандығын көрсетеді.

Кеше Елбасымыз бұқаралық ақпарат құралдарында ел игілігі үшін тағы да батыл шешімге барып, Үкіметті тарату туралы халыққа мәлімдеме жасады және оның себептерін нақты түсіндірді. Алдағы жасалатын Үкіметтің жаңа құрамы Елбасы ұсынған тапсырмаларға тын қозқараспен қарап, ел өркендеуі жолында жаңа жігермен қызмет жасайды деп сенеміз.

Бірер күннен соң ел өміріндегі маңызды оқиға – «Нұр Отан» партиясының 20 жылдығы аясында партияның XVIII съезі өтпек. Съезде партияның 2030 жылға дейінгі жаңа бағдарламасы аясында келелі мәселелер қозғалып, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған жұмыстар жанауша серпін алады деген үміттеміз.

Бақытжан САЙЛЫБАЕВ,
М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

ХАЛЫҚ ТІЛЕГІ БИЛІКТІҢ НАЗАРЫНДА

Жаңақорған ауданында тұрғындарға арналған «Ашық есік» күні өтті. Аудандық жұмыспен қамту ғимаратында өткен қабылдауда 242 азаматтан 368 өтініш түскен. Талап-тілектің басым көпшілігі мемлекеттік жәрдемақының көлемін ұлғайту, жұмысқа орналасу, атаулы көмек пен өз кәсібін қаржылай қолдау сурау, тұрғын үй салуға жер бөлу және ауыз су, медициналық көмекке қатысты болды.

Ержан ҚОЖАСОВ.



Аталған шараның қорытынды жанында аудан әкімі Ғалым Әмірезов қамтылған өтініштердің 80 процентінің оң шешімін табатынын айтып өтті.

Көпшіліктің сурауы бойынша қабылданған өтініштер тікелей менің назарымда болады. «Алтын алқа» мен «Күміс алқа» алған аналарымыз бен төрт және бес бала дүниеге әкелген барлық азаматшалардың мемлекеттік жәрдемақысын ұлғайту туралы мәселе Үкімет деңгейінде шешілетінін баса айтқым келеді. Сонымен бірге, жұмысқа орналасуға 73 өтініш түсіпті, бұлардың барлығы алдымыздағы наурыз айынан бастап 10 ай мерзімге қоғамдық жұмысқа тартылады. Жұмыспен қамтылған барлық азаматқа айына 44 753 теңге еңбекақы төленетін болады, – деді аудан басшысы.

Бұдан өзге 69 адам қаржылай көмек сұрап, мемлекеттік грант жеңіп алуға 46 аудан тұрғыны өтініш қалдырған. Сәуір айынан бастап 252 500 теңгеден қайтарымсыз грант тағайындалатын болады. Ал, атаулы әлеуметтік көмек сұраған 68 өтініштің барлығы арнайы комиссия арқылы олардың табыс салығы есептеліп болған соң қаралатын болады.

Аудан әкімінің айтуынша, Жаңақорған кентінің жанындағы «МАИ бекеті» мөлтек ауданынан тұрғын үй салуға арнайы жер белгіленіп, биылғы наурыз айынан бастап жобалық-сметалық құжаттар дайындалады. Әрі қарай көктем айларында біртіндеп үй құрылысы басталады. Бұл «Ашық есік» күні тұрғын үйге қатысты өтініш білдірген азаматтардың мәселесін шешуге оң ықпалын тигізеті

сөзсіз. Сонымен қатар, үй тұрғызуға іргелік жер алуға берілген өтініштер арнайы комиссия арқылы өз кезегімен нақтыланатын болады. Қамтылған өтініштер арасында біржолғы көмек сұрап келгендер де болған. Ол үшін демеушілер арқылы қайырымдылық акциясы ұйымдастырылады. Бұл шара жыл бойы өз жалғасын табады деп жоспарланған.

Ақылы қоғамдық жұмысқа бытыр аудандық бюджеттен барлығы 45 миллион қаржы бөлініп, бұған бір және екі ай мерзімінен 611 адам жұмысқа тартылған еді. Жұмыстың жалақысы ең төменгі еңбекақы мөлшерімен есептелетінін білесіздер. Ол кезде адам басына 1 айға есептелгені 28284 теңге, оның ішінен әлеуметтік аударымдарынан алғанда әр жұмысшының қолға алғаны 25 мың теңге болды. Биылдан бастап аудандық бюджеттен 26,4 млн теңге және облыстық бюджеттен 48,6 млн теңге, барлығы 75 млн теңге қаржы бөлінді. Бұл қаржы бай мерзімге 280 адамды жұмысқа тартуға есептелген. Ақылы қоғамдық жұмыстарда төменгі жалақының 1,5 есеге өсуіне байланысты бір адамға 44753 теңге есептелінін, оның ішінен әлеуметтік аударымдарынан алғанда әр жұмысшының қолға алатыны 38250 теңгені құрап отыр, – дейді Ғалым Махмұтбайұлы.

Жаңа бизнес идеяларды іске асыру мемлекеттік гранттарына бытыр республикалық бюджеттен бөлінген 24050 мың теңге 100 адамға берілген болатын. Биыл 200 адамға 50500 мың теңге қаржы қаралып отыр.

Жаңақорған ауданы.

ДАЛА ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ ДАЙЫНДЫҒЫ ҚАЛАЙ?

Назерке САНИЯЗОВА.



Егіншіліктің дамуы суарымалы жерлерге тікелей қатысты. Сол себепті қазір аймақ аграршылары жоғары табыс әкелетін әрі суды аз қажет ететін дақылдар алқабын ұлғайтуға, сонымен бірге, мал шаруашылығын дамытуды қамтамасыз ету үшін жемдік, жем-шөптік астық егісіне ерекше көңіл бөліп отыр. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметінше, бытыр дикандар 87,9 мың гектар жерге күріш екті. Бұл алдыңғы жылғыдан 3 мың гектарға аз. Есесіне малдың жем-шөбі, майлы және бақшалық дақылдар бұрынғыдан көп болды. Осылайша, соңғы бес жыл ішінде майлы дақылдар егісінің аумағы 1569 гектардан 8404 гектарға артты.

Бұл өз кезегінде мақсары майы өндірісін ұйымдастыруға мүмкіндік берді. Өткен жылы 50 тонна өнімнің алғашқы партиясын тұңғыш рет Қытай нарығына шығара алдық. Дақылдың бұл түріне сұраныс жоғары. Сондықтан біз егіс көлемін сақтап қалуға тиіспіз, – дейді басқарма басшысының орынбасары Сейілбек Нұрымбетов.

Биыл 178,5 мың гектар жерге егіс егу жоспарланса, соның 85,8 мыңына Сыр салысы себіледі. Қазіргі күні

Сыр өңірі негізгі дақылдан Моңғолия, Түркия мен Ауғанстан нарығына шығара бастады. Ал ирандық күріш сорттарын өндіру жөніндегі шаралар күріш егістігінің тиімділігін біршама көтеруге сеп. Қазір оның алғашқы партиясын экспорттық бағадан 4 есе жоғары етіп Иранға жөнелту бағытында келісім жасалып жатыр. Мамандардың пайымынша, күріш егістігін алқаптардың көлемін ұлғайту арқылы емес, оны өндіру тиімділігі мен өткізу көлемін арттыру есебінен көтеру тиімді.

Биыл дала еңбеккерлері наурыздан бастап ерте көктемде егілетін дақылдарды, ал, сәуірдің соңына қарай күріш егуге кіріспек. Ол үшін қажетті минералды тынайтқыш сатып алынды. Техника әзірленіп жатыр. Сырдария өзеніндегі судың жағдайы үнемі назарда. 19 ақпандағы жағдайға сәйкес, «Шардар» мен «Көксарайда» барлығы 5,8 млрд текше метр су бар. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 989,8 млн текше метрге артық.

Көктемгі су тасқыны қаупімен байланысты аудандар мен Қызылорда қаласының су шаруашылығы нысандарын дайындау жоспары жасалып, қазіргі кезде тиісті жұмыс атқарылып жатыр.

Сыр өңірі негізгі дақылдан Моңғолия, Түркия мен Ауғанстан нарығына шығара бастады. Ал ирандық күріш сорттарын өндіру жөніндегі шаралар күріш егістігінің тиімділігін біршама көтеруге сеп. Қазір оның алғашқы партиясын экспорттық бағадан 4 есе жоғары етіп Иранға жөнелту бағытында келісім жасалып жатыр. Мамандардың пайымынша, күріш егістігін алқаптардың көлемін ұлғайту арқылы емес, оны өндіру тиімділігі мен өткізу көлемін арттыру есебінен көтеру тиімді.

Биыл дала еңбеккерлері наурыздан бастап ерте көктемде егілетін дақылдарды, ал, сәуірдің соңына қарай күріш егуге кіріспек. Ол үшін қажетті минералды тынайтқыш сатып алынды. Техника әзірленіп жатыр. Сырдария өзеніндегі судың жағдайы үнемі назарда. 19 ақпандағы жағдайға сәйкес, «Шардар» мен «Көксарайда» барлығы 5,8 млрд текше метр су бар. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 989,8 млн текше метрге артық.

Көктемгі су тасқыны қаупімен байланысты аудандар мен Қызылорда қаласының су шаруашылығы нысандарын дайындау жоспары жасалып, қазіргі кезде тиісті жұмыс атқарылып жатыр.

Есептеулер бойынша дамушы елдерде шамамен 1 млрд адам ауыз судан тапшылық көріп отыр. Ал, республика бойынша, оның ішінде Сыр бойындағы халық үшін таза суға қол жетімділік ара-тұра болмаса, шешімін тапқан мәселе десек болады.

Ержан ҚОЖАСОВ.



АУЫЗ СУДЫҢ АХУАЛЫН АЙТСАҚ...

Біз болған Жалағашта «Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі деп аталатын мекеме бар. Аудан көлемінде 15 елді мекенді, атап айтқанда, аудан орталығынан бөлек, Ақсу, Аққұм, Аққыр, Аламесек, Бұқарбай батыр, Жанаталап, Жаңадария, Еңбек, Қаракеткен, Мақпалкөл, Мырзабай ахун, Мәдениет, Шаменов және Тәң елді мекендеріне су жеткізетін бірден-бір коммуналдық орын. Есептеп қарасаңыз, 6461 тұрғын үй немесе 32 мыңнан астам адамды үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз ету жолындағы жалғыз ұжым осы екен.

Аталған мекеменің атқарған ісі көп-ақ. Өткен екі жылдың аясында «Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасына» сәйкес Қаракеткен, Шаменов және Мырзабай ахун елді мекендерінің ауыз су жүйесіне қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліпті. Аталған бағдарлама арқылы бытыр Жаңадария, Аққыр, Мақпалкөл елді мекендерінің ауыз су жүйесіне қайта жаңғырту жұмыстары басталып, биылғы жылы толық аяқталды деп жоспарланған. Сонымен қатар, биыл Жаңақоныс және Далабай елді мекендерінің ауыз су жүйесіне қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу үшін аудандық бюджеттен жобалық-сметалық құжаттарын дайындауға қаражат бөлінген.

Қазір Жалағаш кенті және Ақсу, Аламесек, Еңбек, Бұқарбай батыр, Жанаталап, Тәң, Шаменов, Қаракеткен елді мекендеріне тәулік бойы үздіксіз ауыз су таратылады. Ал, Аққұм, Мәдениет, Мырзабай ахун елді мекендеріне тәулігіне 8-10 сағат, Аққыр, Жаңадария, Мақпалкөл ауылдарына тәулігіне 3-6 сағат ауыз су беріледі, – дейді өндірістік бөлімше басшысы Нұржан Бекетов.

Байқағанымыздай, кентішілік су құбыры бойындағы қысымды бақылау және тұрғындарды үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында

манометрлік зерттеу жұмыстары ұдайы жүргізіліп тұрады. Бытыр апатты деп танылған Нысанбай жырау көшесінің бойындағы ұзындығы 810 метрді құрайтын құбырға жасалған күрделі жөндеу жұмыстары да аяқталған. Сондай-ақ, биыл Өмірбай шешен, Нысанбай жырау, Жүргенов және Шоңбай ақын көшелерінің су құбырларына күрделі жөндеу жұмыстарын атқару үшін қаржылық құжаттары дайындалып, бюджеттік өтінімге енгізіліпті.

Тағы бір маңызды жайт, ауыз суды үнемі мақатында тұрғындарға күнделікті тұтынар суды тек қана есептеу құралы арқылы пайдалану қажеттілігі үнемі бағаланып отырады. Отан қоса бөлімшеде арнайы құралды орнату үшін бригада жасақталып, қажетті жұмыстарды өз деңгейінде атқарады. Нәтижесі жаман емес. Отан мысал, 2017 жылғы көрсеткіш бойынша тұрғындарға орнатылған есептеу құралы 10 процентті ғана құраса, бытыр ол көрсеткіш 28 процентке шыққан. Биыл бригаданың тынбай еңбек етуінің арқасында көрсеткіш саны артып, бүгінде тұрғындардың 68 проценті есептеуші құрал орнатқан. Өндіріс бөлімшесі әлі де тұрғындарға рейд жұмыстарын ұйымдастырып, ауыз суды пайдалану туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізуден жалыққан емес.

Алдын ала жөндеу және техникалық күтім жасау жұмыстарын кестеге сәйкес атқаратын бөлімше қызметкерлері су сапасын тұрақты бақылауда ұстайды. Сонымен қатар, көктем және күз мезгілінде санитарлық қызметкерлермен бірлесіп, барлық ішкі су тарату жүйелеріне және су сақтау қоймаларына залалсыздандыру жұмыстарын атқарып, қатаң қадағалап отыр. Апаттық жағдай орын алғанда да арнайы бригада өз жұмысына тиянақты.

Суреттерді түсірген **МАХМЕТОВ,** Жалағаш ауданы.



ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУДА ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ ІС БАР

Өткен жылы аймақта 15334 гектар жерде орманды қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, оның ішінде Арал теңізінің суы партиялық кеткен ұлтаныңа жергілікті бюджет есебінен 2500 гектарға, Оңтүстік Корея мемлекетінің бастамасымен 5000 гектар алқапқа сексеуіл егілген.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Балық шаруашылығы бойынша 15 млн 220 мың шабақ су айдынына жіберілді. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекция басшысының орынбасары Марат Нұрмағамбетов айтты.

Брифингте қоршаған ортаға зиян келтіру фактілері жайлы баса ай-

тылды. Облыс бойынша табиғат заңдылығын бұзуға қатысты анықталған 89 қылмыстық істің ішінде ағаштар мен бұталарды заңсыз кесудің 61 дерегі бойынша іс қозғалған. Балық ан аулау ережесін бұзғаны үшін 438 тұлғаға 5 млн 477 мың теңге айыппұл салынып, оның 5 млн 237 мың теңгесі өндірілген. Табиғатқа келтірген залалы үшін 290

адамға салынған 2 млн 117 мың теңге айыппұлдың 2 млн 69 мың теңгесі өндірілді.

Облыс аумағында 8 млн 805 мың гектарды құрайтын 38 аңшылық алқап болса, оның ішінде 33 аңшылық алқап конкурстық негізде табиғат пайдаланушыларға бекітіліп берілген.

Облыс әкімдігінің қолдауымен 2018 жылдың ақпан айында «Ми-8» әуе көлігімен аймақтың өзге өңірлермен шектескен жерлерінде киіктердің популяциясының жағдайына мониторинг және өріс аудару жолдарына әуеден бақылау жұмыстары жүргізілді, – дейді М.Нұрмағамбетов.

Брифингте салаға қатысты жыл ішінде атқарылған жұмыстар мен биылғы жыл жоспары қамтылды.

ЖАҢАҚОРҒАНДА МАЛ ШЫҒЫНЫ: СЕБЕБІ НЕДЕ?

Жаңақорған ауданында ауа райының қолайсыздығынан жаппай мал қырылды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасы басшысының орынбасары Ғабит Жаңабәев мәлімдеді.

Назерке САНИЯЗОВА.

Оның айтуынша, 19 ақпан күні 100 басқа жуық уақ малдың жаппай қырылып қалғаны жөнінде ақпарат түскен. Осыдан кейін аудандық төтенше жағдайлар, жұмылдыру дайындығы бөлімінің қызметкерлері оқиға орнына қарай шыққанымен, жете алмаған.

Себебі тау беткейіне қар түсіп, жанбыр жауып, балшық болған. Облыстық төтенше жағдайлар

департаментінен 10 қызметкер мен жол талғамайтын 3 көлік алдыруға тура келді. Арнайы құрылған жұмысшы тобы тексеру жүргізді. Нәтижесінде 77 бас малдың сырғасы табылды, – деді Ғ.Жаңабәев.

Мамандар аталған жағдайды күннің күрт құбылуымен байланыстырып отыр. Жаңақорғандық шаруалар жылдағы әдетпен бұл жолы да жайлауға малды ақпан айының соңына

таман айдаған екен. Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Тұрған Базарбаев бәрі табиғаттың тоқсын мінезінен екенін, әйтпесе, әдетте мұндай уақытта күн жылы болатынын жеткізді.

Алдымен жанбыр жауды, оның арты қарға ұласты. Малды бір жерге жинауға шопандардың күші жетпеген. Дәл қазіргі уақытта қанша шығын болғанын айту мүмкін емес. Өйткені, бәрі қараның астында қалған, – дейді ол.

Шопандар жайлауға апарған мал саны әзірге нақтыланбай отыр. Себебі, әрқайсысы әртүрлі цифрды алға тартады. Ал, жағдайдың анық-қанығын арнайы жұмысшы тобы анықтайды. Мал иелеріне шығынның өтелетін-өтелмейтіні сол кезде белгілі болмақ.

1 NAÝRYZ – ALǴYS AITÝ KÚNI

ЖАНСАМАЛ, ҚҰРАЛАЙ, АҚМАРАЛ

Бәрі әлеуметтік желідегі бейнеуәзіктен басталды. Онда АҚШ-тың Вирджиния штатының тұрғыны Тереза Пармер Ханкокты Бельгияға конференцияға келген жерінен сонда тұратын қазақ қызы қонаққа шақырғаны көрініп тұр. Терезаның таза қазақ тілінде айтқан әңгімесі елең еткізді.

© Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

– Қазақстанның Қызылорда облысы, Шиелі ауданында ағылшын тілінен сабақ бердім. Ол жақта мені өз қызындай көретін отбасым, ата-анам бар. Қазір Вирджиния университетінде испан тілінен дәріс оқимын. Жолдасым Майкл Ханкок – Орта Азия, оның ішінде қазақ тарихын зерттеуші. Үш қызымыз бар. Аттары – Жансамал, Құралай және Ақмарал. Шиеліні әлі күнге дейін сағым, – деді.

Көзінен мейірім нұры төгілген қыздың сөзін қайта-қайта тыңдадым. Шынайылығы байқалды, Шиелімен байланысты естеліктерді айтқанда жүзінен сағынның табы сезілді.

Тереза шиеліліктермен хабарласып тұра ма екен? Сұрағымға жауап іздеп, біздің басылымның аймақтық тілшісі Нұрмахан ағаға телефон шалып ем, осыдан 5-6 жыл бұрын отбасымен тәркідеп келгенін айтты. Содан Терезаның осы елдегі ата-анасы Нұрлан мен Эльмира Шонабаевтарға хабарластым.

Эльмираның американдық қызы өз балаларынан кем көрмейтін Тереза туралы айта бастағандан-ақ аңғарылды. Әңгіме арасында даусы жарықшактанып, көңілі бұзылып тұрғанын байқадым.

– Ол 3 жыл бойы менің тәрбиеме болды. Сол кездерді өмірімдіздің ең жарқын сәттері ретінде үнемі еске алып отырамыз. 2003 жылы тұңғышым – колледжде, екінші ұлым қазақ-түрік лицейіне оқуға кетті де, отағасы екеуіміз қалдық. Балаларды сағынып жүргенімізде Терезаға ата-ана болу туралы ұсыныс түсті. Алғашында тілі бөлек, діні басқа адамға қалай үйренесіміз деп уайымдалдық. Американдықтардың өмір салтына үйренген адамға біздің тұрмысымыз қалайсыз емес пе?

Бірақ Тереза ауылдың өміріне, күнделікті тірлігіне бейімдеді. Аз уақытта үй тірлігімен айналысуды, қонақ күтуді, тамақ пісіруді үйреніп алды. Бізді өзіне тән әдет бойынша атымызбен емес, «папа, мама» деп атайтынын бірден айтты. Ол кезде өрт сөндіру қызметінде

тына қызығатын.

Терезаның ерекше қасиеттері – жүрегінің тазалығы, адамға жанашырлығы, ішіне бөтен пікір сактамайтыны. Ауа райы ма, ішкен ас-суы жақпай қалды ма білмеймін, бірде қызуы көтеріліп наукастанып

ғымыздан әзер босаттық. Қызымыз американдық салқынканды мінезін үш жыл ішінде қазақтың көңілшектігіне өзгертіп алыпты. Айтпақшы, жиналған жұртты «руым – шашты» деп күлдіргені бар. Тереза еліне қайтқан соң,

мерекелерді ескеруісін қалдырмайды. Сыйлық жіберіп тұрады. Үзбей хабарласады.

Тереза қазақтың «перзенттік парыз» деген сөзін түсінеді. Бізді Америкаға шақырып, бәрімізді қонақ етуді армандайды. «Маған жасаған жақсылықтарыңызды, төккен мейірімніңізді қалай өтесем екен? Сіз келгенде үйде ит күрмеуі керек, барлығы таза тұруы керек» деп үнемі әзірленіп жүреді. Алла жол берген күні Америкаға да барамыз, – дейді Эльмира.

Терезаның қыздарына қазақша есім беруінің де сыры бар екен. Шиеліде сабақ беріп жүргенде Ақсамал деген оқушыны ағылшын тілінен ҮБТ-ға дайындап, шәкірті «Алтын белгіге» ие болыпты. Келесі жылы Құралай деген оқушы да ұстаздарының еңбегін қайтарып, озық шығыпты. Қыздарының атын Ақсамалдың құрметіне Жансамал және Құралайдай болсын деп ырымдап қойған. Ал кішісі Ақмаралдың есімі Алматыда қазақ тілін тереңдетіп үйреткен өз ұстазының құрметіне берілді.

Бірге жұмыс істеген Кенжегүл Жақенова 2011 жылы Тереза тұрмысқа шыққанда тойға барыпты.

– Мұхит асып, тойға қатысып келудің өзі оңай емес. Мен қазақы дәстүрмен шашу шашып бардым. Өз қызымызды ұзатқанда дүние-мүлік дайындаймыз ғой. Сол дәстүр бойынша көрпе-төсекімді әзірлеп, «Алматы-Амстердам-Детроит-Вирджиния» бағытымен ұштым. Тереза Шиелінің құрты мен шәйін сағынғанын айтты. Той үстіңде келуіңнің мәнісін, қазақ жерінің бір түпкіріндегі – Шиеліде Терезаны жақсы көретін адамдар барын айттым. Біздің дәстүріміз бойынша қыз төркіні жасайтын жоралғыларды көрсеттім, – деді сұхбаттасушы.

Тереза мен Майкл Ханкокты қазір өз салалары бойынша докторлық қорғаған. Университетте жұмыс істейді. Урта Азия және Қазақстан тарихын зерттеуші Майкл гранттық жобаны жетіп ала, отбасымен Қазақстанға келгісі бар.

Қазақтың кең құшағына кім сыймаған? Мұхиттың арғы жағынан келген қызды жатсынбай, бір баласы етіп тәрбиелеген аналардың ақ пейілі мен адалдығы дөңгелеген дүниенің тепе-теңдігін ұстап тұрған шығар, балкім.



жұмыс істеймін. Терезаға төккен аналық махаббатымын өтеуі шығар, көп ұзамай Аймиран қызымды дүниеге әкелдім. Ол кішкентай нәрестеге туған әкесіндей жанашыр болды. Қолынан түсірмей көтеріп жүріп, сабағына әзірленетін.

Бірде менің аяғым ауыр күйіме алаңдап, әкесі жоқта сиырды падаға қосып барып, жұмысқа кеткенін көрші-қолан, әріптестері көріп танқалды. Қайда барса да, қолынан кітабы түспейді. Адам жатырмайды. Ағайын-туыстың тойы, шақырысына ертіп барамыз. Сөйтіп тек біздің үйдің ғана емес, тұтас әулеттің қызына айналды. Ол біздің халықтың балаға төгетін мейірімі мен махаба-

қалды. Әжелерімізден көрген ырым бойынша жерушық бердім. Алғашқыда қатты шошынды. Кейін өзі «мама ауырып тұрмын, ұшықтанышы» деп тұратын болды. Қазақтың халық еміне сенім күшейіп, осы тақырыпты кеңінен зерттеуге ақыласы ауды.

Қызымыз еліне қайтарда қимай қашты. Өбден бауыр басып қалыпты. Аймиран сипіліне сағатын, әмиянын естелікке қалдырып, өзін ұмытпауын тапсырды. Вокзалда тұрып «мама, екеуіміз сөмкемізді ауыстырып алсақ қайтеді, бір-бірімізді еске алып тұрайық» деп ұсыныс айтты. Сол жерде ағайын-туысы, ұстаздар қауымы құша-

араға жыл салып Шиеліге келген. Өбден сағыныпты, ағайын-туыс пен әріптестерді аралады. Кейін 2013 жылы күйеуі Майклмен және тұңғышы Жансамалмен тәркідеп қайтты. Аунап-қунап, сағынышын басып, кетерде тағы да қимай қашты.

– Күйеу баламызға естелік ретінде не сыйласақ екен деп ойландық. Сөйтіп өз таңдауына салдық. Майкл шежіре кітапты таңдады. Кейін өзін наукастанып, Түркияға барып емделуіме тура келді. Сол кезде Тереза қызым өз балаларымен бірге уайымдады. «Жазылып кетесіз» деп жігер беріп, қаржылай көмектесті. Қазірдің өзінде туған күнімізді,

Облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының ұйымдастыруымен «Алғыс айту күніне» орай аймақтағы білім ошақтарында «Әлем елдеріндегі алғыс білдіру дәстүрлері» тақырыбында лекция оқылууда. Қорқыт ата атындағы ҚМУ-да өткен сабақта аталған оқу ордасының «Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты А. Оразбақовтың лекциясы тыңдалды. Ал, Қызылорда медициналық жоғары колледжінің студенттері «Қоғамдық келісім» КММ директорының кеңесшісі Е. Уәзіс пен М. Мәметова атындағы гуманитарлық колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы Б. Ахуннан дәріс алды.

© Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

ТӘЛІМІ МОЛ ТАҒЫЛЫМДЫ ДӘРІС

Дәл осындай кездесу «Болашақ» университетінде де өтті. Дәрісті университет ректоры К. Дәуренбеков бастап, аталған мерекенің өзектілігіне тоқталды. Сондай-ақ, И. Әбдікәрімов атындағы аграрлы-техникалық жоғары колледжінің оқытушысы Р. Абуова да «Алғыс айту күнінің» тарихы мен әлем елдеріндегі алғыс білдіру дәстүрлері туралы баяндады. Дәріске ҚХА ғылыми-сарапшылық тобының мүшесі С. Сахиев, облыстық немес қоғамдық-мәдени орталығының жетекшісі И. Шек, «Болашақ» университеті «Филология және журналистика» кафедрасының доценті Н. Шумейко қатысып, өз пікірлерін білдірді.

Айтулы мерекеге орай ұйымдастырылған шара

колледжерде де жалғасты. Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжіндегі лекция «Алғыс айту күні» мен дін сауаттылық тақырыптарын қамтыды. Дәрісті облыстық ҚХА ғылыми-сарапшылық тобының мүшесі С. Сахиев және дін мәселелерін зерттеу орталығының теолог-маманы Ш. Тобжанов өткізді.

Мереке аясында оқушылар арасында «Алғыс айту – парызым» тақырыбында эссе жазу, балабақша балғындары арасында сурет салу байқауы ұйымдастырылды. «Атамекен» отбасылық үлгідегі балалар ауылы мен «Ботакан» балабақшасында арнайы сайыс өткізілді. Шара әлі де жалғасын табатын болады.

АДАМИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ТОПТАСТЫРҒАН ИГІ ҚАДАМ

Елбасы Н. Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күнін «Алғыс айту» мерекесі ретінде жариялады.

Бұл күн – тағдыр тәлкегімен Қазақстан жеріне қоныс аударған түрлі этностардың күт сыйлаған қасиетті мекені мен кенейтпей қазақ халқына деген терең тағзымының белгісі іспетті. Алғыс айту күнін жариялау

халықтың көңілінен шықты деп ойлаймын. Себебі, елде тұратын барлық этнос өкілдерінің толеранттылық, достық, сенім секілді құндылықтарға топтастырған игі қадам болды.

Алғыс айту – инәбаттылық пен кішіпейілділіктің белгісі. Алғыс білдіре алудың өзі қоғамдық этикет пен адамгершілік ұстанымды білдіреді. Достыққа орай үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, көзбе-көз жылы шырай танытып алғыс білдіру, одан әрі екі жаққа да қонымды әңгімеге ұластыру жүректестерге

жылу ұялары сөзсіз. Сондықтан бүгінгі берекемізді білдіретін күндеріміз көп болсын. Алғысымыз таусылмасын, бірлігіміз шыңдала берсін. Келе жатқан мереке құтты болсын!

С.ӨШШЕВ,
қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

ЕҢ БАСТЫСЫ – ЕЛДІҢ ТЫНЫШТЫҒЫ

Жер бетінде өмір сүріп жатқан әлем халқы үшін ең бастысы – ел тыныштығы. Болашақ ұрпағының бейбіт өмір сүріп, бақытты күн кешуі. Бұл орайда Қазақстан Президенті Н. Назарбаевтың елімізде ұстанып отырған бейбітшілік пен келісім саясаты көптеген елдерге үлгі десек болады.

Көктемнің алғашқы күнінде аталып өтетін «Алғыс айту күні» мерекесінің түп-төркіні тереңде жатыр. Бұл – бір заманда тағдыр тәлкегімен Қазақстан жеріне еріксіз қоныс аударған түрлі этнос өкілдеріне қонақжай құшағын ашып, ыстық пейілін танытқан қазақ халқына деген риясыз алғыс сезімін білдіретін күн. Сол бір қиын-қыстау заманда біздердің басымызға түскен ауырталықты бірге көтерісіп, емин-еркін өмір сүруімізге ерекше қолдау таныт-

ты. Қазақ халқының осынау кең пейіл қасиеті бүгінде еліміздегі түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы адамгершілік қарым-қатынастың өнегелі өлшеміне айналды.

Қазақ жұртының бауырмалдығы мен кеңдігінің арқасында біздің әзербайжан халқы да өсіп-өніп, тұрақты тұрмыс-салтын қалыптастырған. Олар Қазақстанды өз Отаны санайды. Біз осынау ұлы достықты нығайта білуіміз керек. Ел ертені жолындағы еңселі істерді атқаруда бір мақсатқа жұмылып, бір мүдденің басынан табылғанымыз жөн. Отанымыздағы бейбітшілік пен тұрақтылықты қалыптастыруда этносаралық өзара түсіністікті дамытудың маңызы зор. Осы тұрғыдан айтқанда, бір тудың астында берекелі өмір сүріп жатқан қайырымы мол қазақ жұртына шексіз алғысымыз білдіреміз.

Злиха НУРИЕВА,
әзербайжан ұлтының өкілі,
Жалағаш ауданы, Ақсыр ауылының тұрғыны.



ДАРХАН ЕЛІМЕ МЫҢ АЛҒЫС

Сыр өңірі – қадым заманнан бері сан ұлттың басын қосқан киелі мекен. Епқашан жатсынуды білмейтін, өзгелерді өзіндей көретін, бауырмал жұрттың мекені. Сондықтан да болар сырбайлықтар өзгелерден ерекше. Осындай адами қасиеттерінің арқасында киелі өңірде сан ұлттың сәні жарасып, тату-тәтті өмір сүруде.

Тарихқа көз жүгіртсек, елімізге 1937-1938 жылдары бірнеше ұлттың өкілдері жер аударылды. Саяси қуғынның алғашқы құрбандарының бірі біздің ата-бабамыз Қиыр Шығысты мекендеген корейлер болатын. Сол қиын-қыстау уақытта қазақ жеріне, оның ішінде Қызылорда облысына корей халқының басым

көпшілігі келген. Олардың ұрпағы осы жерде еңбек етіп, өсіп-өнуде. Мен солардың бірімін. Туған жерім – Қармақшы ауданы, III Интернационал ауылы.

Қармақшыдай киелі жерде туып-өскенімді үлкен мақтанышпен айтамын. Өлемге танылған ұлы ойшыл, қобызшы Қорқыт ата, үш жүзге пір

болған әулие Марал бабаның кесенесі осы біздің өлкеде. Ұлы өзеннің несібесін елінің қажетіне жаратқан Қармақшы ата әулие де осы мекенде дүниеге келген. Атақты шайыр Тұрмағамбет, Балқы базар, Дүр Оңғардай дараларды мақтан етеміз. Осындай тарихи өлкеде тамыр жаюымызға себепкер болған, бізді бауырына басып, бір ұзым нанын бөліскен кең пейілді қазақ еліне мың алғыс айтамын.

Н. ТЕН,
Қармақшы ауданы,
III Интернационал ауылы,
№ 108 орта мектебінің
11-сынып оқушысы.

Қайта түлеген Арал өңірінде өрісті іс өркен жайды. Кіммен тілдессеңіз де, теңіз төскейіндегі соны серпін, жағымды жаңалықтарды тебіреніспен жеткізеді. Олай болмағанда ше?! Осынау жігер-қайраты көк теңізіндеі буырқанған, атақонысын көзінің қарашығындай қастерлейтін адуын теңіздің бұла перзенттері бастарынан небір кепті өткермеді? Кезінде кір жуып, кіндік қаны тамған қасиетті мекенінен амалсыздан үдере көшіп, елдің әр қиырына тарыдай шашырап кеткенін кім ұмытады? Елбасының қамқорлығы арқасында кенезесі кепкен теңіз қайта шалқып, атакәсіп жанданып, көштің басы атажұртқа қайта бұрылғаны да шындық. Бүгінгі Арал теңіз маржанын аулап, өңдеп, экспортқа шығарумен ғана шектелмей, сан саласына нәр жүгірген, кәсібі қияға қанат қаққан өңір саналады.

© Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.

СЕНІМ МЕН СЕРПІН



Бұл теңізді өңірде ешқандай түйінді түйткіл жоқ дегенді аңғартпайды. Шындықты бүркеп, жауырды жаба тоқымдау жарамас. Десе де, жергілікті биліктің жүйелі бастамалары жұмыстың алға жылжуына оң әсерін тигізуде.

Осының арқасында өткен жыл қорытындысымен Арал ауданы кәсіпкерлік саласының көрсеткіші бойынша республикадағы 290-ға жуық аудан ішінен алдыңғы лектен табылып, 28,5 млрд тенге көлемінде инвестиция тартылды. Бұл 2017 жылмен салыстырғанда 2,2 есеге артық деген сөз. Әрбір жақсы нәтиже – төгілген телегей тердің жемісі.

Көрсеткіштер дәйекті дерек, нақты есептен құралады. Аудан бюджетінің шығыстары алдыңғы жылмен салыстырғанда 118,7 процентке өскен. Шағын және орта бизнес субъектілерінде бірақтар азаматтар тұрақты жұмыспен қамтылған. Мемлекеттік бағдарламалар аясында қаржы институттары арқылы аудан кәсіпкерлеріне қомақты несиесі берілген. Нәтижесінде тіркелген шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 109,3 про-

центке өскен. Аграрлық салада алға жылжу байқалады. Төрт түлік – манғаз даланың сәні. Агрооңкерсін кешеніндегі жалпы өнім көлемі 6,6 млрд теңгені құраса, мүйізді ірі қара, жылқы, түйе, қой мен ешкі, құс шаруашылығында да өсім бар.

Бағаны тұрақтандыру күн тәртібіне тұрақты қойылған. Осы мақсатта Астанада, Ақтобе, облыс көлемінде ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өткізілді.

Арал туралы әңгіме қозғалса, су маржаны – балық көзге естелеті. Ауданда жылдық қуаты 18900 тоннаны құрайтын, 7 балық өңдейтін зауыт жұмыс істейді. Өткен жылы 6919 тонна балық ауланып, 3575 тоннасы өңделген. Сондай-ақ, 1950 тонна балық өнімдері экспортқа шығарылды. Арал өңірі балықшыларының дәстүрлі IV слетіне Ресейден, Маңғыстау, Жамбыл, Түркістан, Ақтөбе облысынан делегаттар қатысуы шара маңызды аша түсті.

Теңіз төскейіндегі жұртшылық алдағы күнге сеніммен қарайды.

Арал ауданы.

ҰЛЫ ДАЛАДАҒЫ ҰЛЫЛЫҚ

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» мақалаларына үн қосу мен аймақтағы ата басылымның 90 жылдығына орай қолға алынған «Жолсапарды» айдынды Арал ауданында жалғастырудың сәті түсті.

Көне дәуір көмбесі саналатын өңірдің өткенін баяндаған «Жолсапар» желісін бұл жолы журналист Мұрат Жетгісбаев жүргізген еді.

МУЗЕЙ – МҰРАЛАР МЕКЕНІ

Біз түскенде Аралды бет қаратпайтын көдіміз қызылшұнақ аяз буып тұр екен. Күтпін алған азаматтарға сапарымыздың мән-жайын айттық та, бірден аудандық өлкетану музейіне тарттық. Мұралар мекенінің басшысы Мәди Жасекенов 6 залды аралата жүріп, мекеннің тарихынан әңгіме таратты.

Отыз жылдан астам бұрын ашылған музейдің өткені Сыр өңіріне белгілі азамат Құдайберген Жасекеновтің есімімен тығыз байланысты. Сұрапыл майдан төсінен аман оралған қайраткер сол тұстағы көп қатарлары секілді комсомол жұмысында жетіліп, 1960-1986 жылдары аудандық мәдениет бөлімін басқарды. Осы саладағы көп бастамалардың басында тұрған ол кісінің ел ұмытпайтын үлкен бір еңбегі – аудандық тарихи-өлкетану мұражайын ұйымдастыруы болды. Ауыл-елді аралап жүріп, 5 мыңдай құнды жәдігер жинап, тарихи өлкенің өткені туралы баяндайтын музей жасакталды. 1986 жылы облыстық тарихи-өлкетану музейінің филиалы ретінде ашылған мекеме араға 2 жыл салып, өз алдына бөлініп шықты. Құдайберген Жасекеновты осы мекеннің ашылғаннан бастап 1995 жылға дейін басқарды. Бүгінде қорындағы жәдігер саны 10 мыңнан асқан музейге жыл сайын орта есеппен 15-20 мың адам келеді.

Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақалалары саланың жаңаша дамуына серпін берді. Осыған дейін «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында келушілерге танымдық лекция оқып, ауылдарда көшпелі көрме ұйымдастырып келдік. Биыл соның аясын кеңейтіп, Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы шеңберінде музей жәдігерлерін көрші Ақтөбе облысы мектептері оқушыларына таныстырып қайтпақшымыз, – дейді мекеме басшысы.

Музей қорындағы жәдігерлердің қай-қайсысы да құнды. Мысалы, қазір тасқа айнала бастаған мына экспонаттар кезіндегі теңіз табанынан табылған ақулаңың тістері. Жалпы ежелгі теңізді зерттеушілер «Арал кезінде әлемдік мұхитпен қосылып жатқан» деген болжам айтады. Соның растығын осы қанқалар дәлелдеп тұр.

Ал мынау – атакты Жетес бидің сандығы. Сандық жіңішке сым темірлермен бекітілген. Музейдегі құнды мұралар қатарындағы дүниенің әлі сыны кетпеген.

Қай іске де әділ кесім айттып, болыс болып ел басқарған тұлғаның шәулімі де осында сақтаулы тұр. Ресей шеберханаларының бірінде, орыс ұсталарының қолынан шыққан бұйымды біте Қазалы уезінің генерал-губернаторы сыйға тартқан деген дерек бар. Құнды мұраны би ұрпағы Алғазы Жетесов 1985 жылы музейге тапсырған.

Жалпы Арал қаласының іргесі 1905 жылы Алтықұдық деп аталған кішкене қыстақ негізінде қаланған. Сол Алтықұдыққа жеткен теміржол



Казанқан әулие зираты

рельстерінің үзіктері де осында сақтаулы. Өткен ғасырдың басында шыққан рельстер әлі сол қалпы тұр.

Музейде бір кездері халыққа мәдени қызмет көрсеткен құрылғыларға арналған бұрыш та бар. Қазір әлемнің қай бұрышында да қолындағы алақандай телефоннан көріп отырған жастар үшін магнитофонның өзі таңсық. Ал мұнда оның ата-сыйдай патефонға дейін тұр. Осы аспаптардың ұдайы жұмыс істеуін қадағалап тұратын Мәди Құдайбергенұлы патефонның құлағын бұрап қалғаны сол еді, бір әлемі әуен төгіле жөнелді. Ешқандай қыр-сыр жоқ, үні тап-таза. Қызық үшін инелі радиоланы да қосып көрдік. Сырт-сырт етіп айналып тұрған табақшадан сәлден кейін әйгілі халық ақыны Кенен Әзірбаевтың жыры төгіліп қоя берді. Осы аспаптар қатарында тұрған ленталы магнитофон да мүлтіксіз жұмыс істеп тұр.

Музейге келгендер осы әуендерді есту керек. Сондықтан осы аспаптарды үнемі бабында ұстаймыз. Келешекте келушілерге музейдегі ұлттық музыкалық аспаптарды ойнап беретін шағын оркестр жасактамақ та ойымыз бар. Бұл біздің рухани жаңғыру бағытындағы бастамамыз болады, – дейді музей жетекшісі.


ТЫЛСЫММЕН ТІЛДЕСКЕН ӘУЛИЕ

Сырдың Аралға құяр сағасында діни білімді менгеріп, елге қызмет еткен киелі жандар көптеп кездеседі. Солардың бірі – Казанқан әулие.

Жалпы, Арал атырабында есімі ел аузында қалған екі Казанқан бар. Оның бірі – қазақтың мұң-шерін, арман-аңсарын домбыра шанағына сыйдырған әйгілі күйші Қазанқан Тілепбергенұлы. Өмірін күйге арнаған ол Арал алабын, Үстірт, Маңғыстауды, Ақтөбе, Ырғыз, Қостанай, Орынбор төңірегін түгел шарлап, ел ішіндегі күй сарындарын көкірегіне армансыз сіңіреді. Небір додалы күй сайыстарына түсіп, өнерін шындайды. Мұның бәрі Казанқан бойындағы тегеурінді дарынды жарқырай көрсетіп, шабыт тұғыры болады. Оның шығармашылығы мен өмірін зерттегендер оның артына неше күй қалдырғанын тап басып айта алмайды. Өйтсе де, мамандар дәулескер күйшінің өз заманында «Ақжеленнің» 62 түрін түгелдей тартқанын баса айтады. Аралдың жағалауындағы Құланды түбегінің Ақбауыр деген жерінде 1854 жылы туған күйші 1921 жылы өмірден озып, мәңгілік мекенін де сол маңнан тапқан.

Қамбаш көліне тақау тұста тағы бір Казанқантың белгісі бар. Қара жол үстіндегі белгіден көлге қарай 1-2 шақырым жүрсеніз көне қорымға кезігесіз. Сол қорымда тылсыммен тілдескен әулие, алдағыны болжаған көріпкел Казанқан Байтөреұлының зираты жатыр. Күнсүгір ахунның алдын көрген Казанқан әулие елге шарапатын тигізіп, халқына қызмет еткен тұлға болған.

Жалпы 1868 жылы туып, өткен ғасырдың қыркыншы жылдар аяғында дүние салған



Жетес бидің сандығы

Казанқан Байтөреұлы туралы түбегейлі зерттеу жүргізгендер жоқтың қасы. Осы оқылықтың орын тоқтыру үшін ұрпақтары осыдан оншақты жыл бұрын ел аузындағы әңгімелер мен әулиенің кереметін көргендердің естелігін жинақтап, кітап етіп шығарды.

Осы өңірде аудан әкімінің орынбасары, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы қызметтерін атқарған Тәңірберген Дөрменов Казанқан әулие жайлы мынадай

бір қызық әңгіме айтты.

– Қанша асығыс болса да баба белгісі орналасқан тұстан көліктер асықпай өтіп, әр адам білген дұғасын бағыштап жатады, – дейді Тәкен. – Осы үрдісті бұзғандардың опық жегенін талай мәрте көргенбіз.

Әулие жайлы әңгіменің бір парасы мына бір оқиғаны баян етеді. Бірде Казанқан жылы тартып жатқан жігіттердің үстінен түсіпті. «Балақ түрлімей, балық тұтылмас» деген бар ғой. Осыншалық талап қылып

отырғанда олжасыз қалмайтынына сенген балықшының бірі Казанқанға келеке етіп «Осы сені жұрт әулие дейді. Су астындағыны көретін кереметін бар болса айтшы, мына жылымда қанша балық бар?» деген сауал қойыпты. Жылым тартып отырғандардың жүзіне барлай қараған көріпкелі «Мынауыңнан шалақ жайыннан басқа ештеңе көріп тұрған жоқпын. Олжаң сол-ақ болар» деп жөнелі беріпті. Жылымшылар сол күні Казанқан айтқан шалақ жайынды місе тұтыпты.

Сөз басында әулие ұрпақтары ел аузындағы естеліктерді топтастырып, кітап шығарғанын айттық қой. Сол кітапта есімі елге белгілі Тілектес Сейітов, Бақыт Сапар сынды азаматтар әулие қорымының маңында болған тылсым оқиғалар туралы тарата айтады. Бірінде сол тұста көлік дөңгелегіне көдіміз тістеуік кіріп кетсе, екінші оқиғада зырлап келе жатқан машина моторы өшіп қалған. Әурақты баба осылайша ұрпақтарын бәле-жаладан сақтандырып, өмірден өтіп кеткен жандар рухы үшін дұға оқуды ескертіп тұрады деседі. «Күре аталығының шежіресі» деп аталатын, баспа саласының белгілі маманы Шаһмаран Исмаил құрастырған туындыдағы Казанқан Байтөреұлы туралы бөлім көріпкелдің тылсымға толы өмірін таңуға деген алғашқы талпыныс. Өткініші өмірде пенде баласына қиянат жасамай, қанағат пен рақымға үндеген тұлға жайлы айтылар сөз әлі алда.

АҚИРЕКТЕ – АРЫСТАН БАБ

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында Елбасы «Қазақ «Туған жерге туынды тік» деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қанын тамған жеріне, өскен ауылына, қала мен өңіріне, яғни туған жеріне деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті, мен «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын. Оның ауқымы ізінше оң-оңай кеңейіп, «Туған елге» ұласады», – дейді. Бұл бағдарлама ең алдымен ел тарихын танымалға талап қылған жастарға үлгі. Осы бағытта Арал ауданында да біраз шаруалар қолға алынып, кешенді жұмыс басталғанын көрдік.

Казанқан әулие жатқан қорымнан шығып, Ақирек тауының басындағы Арыстан бабтың жайына тарттық. Ақирек – кезінде еліне қорған болған Жанқожа Батырдың талай ұрысына куә болған аймақ. Жанқожа Сырдың төменгі сағасындағы қазақтарға азар берген түрікмен Аймұхамед палуанды 1836 жылы осы тау баурайында жекпе-жекте өлтіреді.

Жатаған тау басына қарай өрмелеп келеміз. Сырттай қарағанда жайдақ төбе секілді көрінетін Ақиректің төбесіне жеткенде алдымыздан керемет кешен шыға келді. Аңыз бойынша Арыстан бабтың жеті жердегі жайының бірі осы жерде орын тепкен деседі. Бізді бастап жүрген Ақирек ауылдық округінің маманы Рүстембек Саяғұлов қасиетті орынға келетіндер қатары көп екенін айтады. Өсіресе, бейсені, жұма күндері адам аяғы үзілмейтін көрінеді. Қорым басына осы елден шыққан қасіпкер азаматтар тунуахана салып, келетіндерге жайлы жағдай жасап қойыпты.

Жер жүзінде Арыстан бабтың кесенесі орналасқан деген жерлер баршылық дейді көне сөз сорабы. Солардың қатарында Иран, Сауд Арабиясы, Қырғызстан, Израил және біздің еліміз бар. Керішес Түркістан облысы аумағындағы баб кесенесі жайлы әркім-ақ біледі. Ал Аралдағы кесене жайы көп уақытқа дейін бей-мәлім болып келген.

Аңыз бойынша Арыстан баб дүниеден өткен уақытта оның денесін өз жеріне қоймақ болған мұсылман баласы арасында келіспеушілік болған деседі. Дау-дамайдың оңайлықпен оң шешімін таба қоймайтыны анық болып, бабаның мүрдесін түйелер керуеніне артып жолға шығарды. Олардың барлығының түр-түсі бір-бірінен аумайды екен. Мүрде қай түіенің

үстінде екенін ешкім де білмейді. Түйелер Арабия, Иран, Әзербайжан, Өзбекстан, Қырғызстан және Қазақстан аймақтарын басып өтеді. Оның әрқайсысында бір-бір түіеден шөгіпті. Соңғы екеуі қазақ даласына дейін жеткен көрінеді. Бірі Отырар алқабындағы қазіргі Арыстанбаб кесенесі орын тепкен жерге шөксе, соңғысы Арал топырағындағы Ақирекке дейін келген.

Ескі қорым басында мемлекеттік қорғауға алынғаны жайлы жазылған тақтайша орнатылыпты. Бабтардың бабы жамбасы тиген жердегі бұлақ та есте жоқ ескі заманнан бері ағып жатыр. Тау басынан етекке жылғаланып түскен бұлақ кей жылдары әжептәуір көлге айналады.

Әулие басындағы тасқа түскен сәбидіңіз, тарақтанбасы көзге тайға таңба басқандай айқын көрініп тұр. Осы өңірде бала әулиеге қатысты айтылатын аңыз бен оған қойылған белгі тау төбесінде талай қазына көміліп жатқанын айғақтайды. Осының өзі осы өңірдегі қариялар батасында айтылатын «Ақиректе Арыстан баб...» сөзінің тектен-тек шықпағанын дәлелдеп тұрғандай.

ҚҰНДЫЛЫҚ ПЕН ҚҰНТТЫЛЫҚ

Аудан әкімдігінің ғимаратында Тәңірберген Дөрменовпен әңгімелесіп отырмыз. Көп жылдар мәдениет саласын басқарған білікті азамат бүгінде аудандық сайлау комиссиясының төрағасы қызметінде.

– Арыстан бабтың жеті жерде жайы бар деген сөз кей-біреуге мистика болып көрінуі мүмкін. Бірақ өз басым осы болжамға ден қоямын. Өйткені, Қожа Ахмет Яссауидің ұстазы саналатын Арыстан баб сопылық ілімінің басында тұрған сахаба. Ал сопылық таным дегеніміз жатқан бір тұңғыш. Әлемге әйгілі академик Сахаров дүниеден өтер шағы жақындағанда «Әттен, жұмырымды адамзатты қырып-жоятын қару жасауға жұмсағанша сопылық ілімді менгеруге арнасамшы...» деп оңыңан деседі. Сопылық – таным, сопылық – ұшы-қыры көрінбейтін ұлы мәдениет. Ал оны менгерген адам үшін бір мезетте бірнеше жерден көрініс беру дегеніміз аса қиын шаруа емес деседі.

Мен бабаның Ақирек тауынан мәңгілік мекен табуын осы тылсыммен байланыстыра қараймын, – дейді Тәкен.

Жалпы ауданда ұзын-саны 70 мәдени ескерткіш бар деп саналады. Олардың 43-і жергілікті маңызы бар нысандар болса, 26-сы тарихи-мәдени ескерткіштер қатарында. Ал осыдан тура 40 жыл бұрын Қазақстан тарихи және мәдени ескерткіштерін қорғау қоғамы зерттеген «Бегім ана» мұнарасы республикалық маңызы бар ескерткіш саналады. Орта Азияда мүлдем кездеспейтін мұнаралы кесене деген атаумен белгілі осынау ескерткіштер Иран, Түркия, Әзербайжанда кең тараған.

Аз уақыт ішінде аудандағы осы ескерткіштердің 65-нің төлқұжаты жасалды. Бұл қатарға соңғы жылдары табылған Керлері кесенесі мен Арал асар қалашығы ғана 1963 жылы шыққан су қорғауы картасына сәйкес сулы аймақта орналасқандықтан кірмей тұр.

Су демекші, тартылған теңіздің тақсиреті жайлы шикдлы материалдар әзірлеген жазушы Рақымжан Оғарбаев өткен жүзжылдықта айдыңның ортасында болған «Возрождение» мен «Барсакемес» аралдарының XVI ғасырда құрылқыпен шектесіп жатқандығы жайлы дерек тауыпты. Бұл қазіргі кезде жиі айтылып жүрген «Арал теңізі

әр дәуірде бір толып, бір солып отырған» деген болжамды нықтап, болашақта айдын қайта оралады деген сенімді бекіте түседі.

Аудан аумағында «Жақайым баба пантеоны» археологиялық орны да бар. Бірақ, мемлекеттік тізімге алу бағытындағы жұмыстар кезінде пантеон табылмаған. Картада Ақбасты ауылынан шығысқа қарай 50 шақырым қашықтықта делінген пантеонды спутниктік навигация жүйесі де «таба алмай» отыр. «Егер осы ежелгі қоныс орны анықталса, тарих үшін үлкен олжа болар еді» дейді Тәңірберген Сейітжанұлы.

Ендігі мәселе – өңірдегі осындай ескерткіштер мен тарихи орындарды таныту, көне дәуір дерегін бүгінге жеткізіп отырған ең далалағы мұраларымызға экспедиция ұйымдастыру. Бұл бағыттағы жұмыстар бюджет қаржысынан бөлек, меценаттар есебінен ұйымдастырылса, құба-құп болар еді. Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы осындай құндылықтарымызды құнғауға үндеді. Мемлекет басшысының осы тарихи еңбегіндегі атқа міну мәдениеті жайлы келеді ой да өңірде өрісті істің өзегіне айналғаны жөн.

Осы Арал атырабында Ақайдың Қосаны деген ат-сейіс өткен екен. Баптаған аты аламанның алдын бермеген атсейіс бірде Орта жүзде өткен бір үлкен бөйгеге жүйрік апарса керек. Бөйгеге бекер ат келсін бе, дәмелі жүйрігін жетелеген өзіндей сейістердің жан-жақты барлап жүргенін бірден байқайды. Қасына ерген қосышына елеусіздей жүріп, әр топқа таып, тыңтындауды тапсырады. Ет піршіменнен кейі қайта оралған қосымы естігенін бұған айтады. Сөйтсе, сейістің біріннің көзі мұның қаратына түсіпті. «Шіркін, ана Кіші жүзден келген кераттың бабында сал қана кемдік бар екен. Ерек шөптің басындағы дәнін бұлап жегізсе, бөйгені сол алды дей бер» депті. Мұны естіген Қосан жаңағының айтқаны айна-қатесіз жасайды. Ертісе Қосанның кераты басқа жүйріктерден қара үзіп келіпті деседі.

– Қазір ауданда Кәдірберген Бедер атты азамат осы істі қолға алып жатыр. Осындай азаматтарға қолдау таңытсақ, ұмыт бола бастаған ұлттық өнер де ортамызға қайта оралар еді, – дейді Тәкен.

Жылқы демекші, Бекбауыл ауылында осы түлікті түлеткен Жағыппар Шамшаев есімді асқақал бар. Қазір жасы тоқсанға таып қалған қарияның әкесі Смайыл ишан имандылық нұрын сепкен жан болыпты. Екі сөзінің бірінде «Әр істің бір қайыры бар, мал өсірсең зекет бер, егін салсаң ұшыр бер» деп отырады екен. Ишанның ұлы Жағыппар кейін талаптана-нып, жылқы жинай бастайды. Бірақ қанша тырысса да Қамбар ата тұқымның жиырмадан асыра алмапты. Сол кезде марқұм әкесінің сөзі еске түседі ғой. Содан бастап Жәкен ешкімге жария етпестен ұзақ жылдар бойы облыс орталығындағы жетім балалар үйіне жылына 1 соғым беріп отырады. Ықылас қатты болса, оңғарылмайтын іс болмайды. Аз жылда жиырма жылқының саны 600-ге жетіпті. Міне, шын ниеттің шапағатын осыдан-ақ біле берініз.

Ел ішіндегі осындай атымтай жомарттардың жұртқа жасаған жақсылығын жұртқа ету бар мен жоқтың арасы алышақтан бүгінгі қоғам үшін аса қажет. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласынан туындайтын «Туған жер» бағдарламасы да жүдегенді жемен, қамықанды демеген осындай жандарды насихаттап, олардың ізгілікті ісін елдік жаңғыруымыздың өзегіне айналдыруды көздейді.

Сапардың соңғы күні аудан орталығын араладық. Теңіз аттас қалада тіршіліктің өзге арнаға түскені айқын көрінеді. Қалада халыққа қызмет көрсететін орындар көптеп ашылып жатыр екен. Көшеде де көлік көбейіпті. Жағалауынан су қашып, ағайын қатты абырар қаладан ана бір жьлдары айшықты жырдың аспанында айрықша жарқыраған Бекұзақ ақын «Аралдың табанынан су кеткенмен, жұртының жүрегінен жыр кеткен жоқ» дейтін еңсе көтерер ел сөзін айтып еді. Осы кестелі жырдың өң бойында ертеңе деген үміт те өрліп жататын. Құйрықты жұлдыздай ағып өткен ақын айтқан сол үміттің бүгін сенімге айналғанын көрдік, соған қуанық.

**Сәмен ағайдың секциясы**

Біздің бала кезімізде көркем әдебиеттің құдіреті күшті еді. Ауыл баласы танымал шығармалардың кейіпкеріне еріксіз еліктеп, әбден әлекке түсетін. Үлкен-кішіні жіпсіз байлаған әйгілі жазушы Бердібек Соқпақбаевтың «Жекпе-жек» повесі де сондай тартымды туындылардың бірі болатын. Соны жата-жастана оқыған біздің Қаратөренің бүкіл баласы Мұрат Батырбаев секілді атақты боксшы болмаққа талпынды. Бүкіл баласы дегенді бекер айтып отырғанымыз жоқ. Ол кезде мектептің барлық оқушысы шетінен кітап кеміретін. Қазіргідей интернет бұлағының көзі ашылмаған кезде ауылдағы ұл-қыз күн ұзаққа кітапханадан шықпайтын.

Бірақ «Жекпе-жек» бас алмай оқып, Қызылшекара орта мектебінде балаларды дамытқысыз жаттықтырған бапкер Николай Трофимовичке, оның талантты шәкірті Мұратқа қатты қызыққаныммен, бірден боксшы болып кету оңай емес екен. Жұдырығы жуан жігіттер

жеткілікті болғанымен, кәсіби былғары қолғап шебері шыға қоймады біздің ауылдан.

1977 жылы ҚазПИ-дің филология факультетін бітірген Сәмен Құлбарқов деген жас жігіт орта мектепке мұғалім болып келген соң қаратөренің ұлдардың боксқа талпынысының жаңа кезеңі басталды. Себебі, ауылға ару Алматының лебін ала жеткен ағайымыз кәсіби боксшы екен. Анау-мынау емес, қазақ боксшының атасы Шоқыр Бөлтекұлының өзінен жұдырықтау өнерін үйренген. Әділ спорт шебері, әлде кандидат... Өзі өте сымбатты. Жігіт атаулының келістісі. Қаратөренің қыз-қырқыны оны күнде көшеде көрген сайын «ноқдау» алады. Оны айтасың, ол бері қарай бұрылды дегенше, біздің кластағы бойжеткендердің жүрісіне дейін біртүрлі болып өзгеріп кетеді. Шырыштық атып тұрған жас жігіт келе сала ауылдан бокс секциясына ашты. Сонымен, сабақтан соң бокстан басқа ермегіміз болмады. Қара сөздің хас шебері Бердібектің «Балалық шаққа саяхат» атты повесінде «Қара бұлтай қалыбан мынау Күміс, Соғалы

Тұрдыбекті гүрс-гүрс», – деп суреттеп жазғанындай, кешке қарай спорт залына жиналып, бір-бірімізді аяусыз қойғыласып жатамыз.

Алайда, қанша қойғыласақ та, ешқайсымыздан боксшы шықпады. Жабайы жұды-

Сырдың «Сары қасқыры»

Осымен Арал теңізінің қолтығындағы шағын ауылдағы бокстың күні біткендей болған.

Бауыржан ОМАРҰЛЫ

ҚАНАТ ИСЛАМНЫҢ БАТАСЫ



рықтасу мен жаппай төбелеске құмар ауыл балалары бокс қолғабын киіп, рингте атой салуға сонша құмартақанымен, шаршы алаңның шебері болу көп күш-жігерді талап ететіні көрінді. Сәмі талдай Сәмен ағам біздің қабілетімізді аша алмады ма, әлде біз былғары қолғап пен жай қолғапты ажырата алмайтын мигұла болдық па, білмейміз, әйтеуір екпіндеп басталған бокс секциясының жұмысы ақыры қожырап тынды.

Ессесіне ол біздің әдебиеттануға деген қабілетімізді ашты. Шетіміден қалам ұстауға құштар болдық. Күні бойы көсіліп, еркін тақырыпқа шығарма жазып отырамыз едік. Ағайымыз бізді қатты тәрбиелеп жібергені соншалық, өзі де боксын жайына қалдырып, әдебиеттанумен шындалп айналысты. Бүгінде осы саладағы белгілі ғалымдардың бірі болды. Филология ғылымдарының докторы, профессор. Тараздағы беделді оқу орнында кафедра басқарды. Оның боксшы ретіндегі бейнесі біздің санамызда әлдеқашан көмескі тартқан.

Бірақ шаршы алаңның шанын шығаратындай шайқас көрсек, бала кездің сол бір суреті көз алдымызға келе қалатыны рас.

Біз елден жырақ кеткеннен кейін мектепке келген дене тәрбиесі пәнінің оқытушылары да біраз талпыныс танытып көргенге ұқсайды. Алайда, былғары қолғап киген өрендердің ауылдан ұзап шыққанын ести қоймадық.

Жоқ күні бітпейті! Ел жақтан тай-құлындардың дүбрі тағы да естіле бастады! Ауыл іргесіндегі Кіші Арал үлкен үміттің отын жаққан соң басындағы бағын қайта тапқан Қаратөренің бірте-бірте шамдай өшіп қалған баяғы боксы қайта жанданып бастады. Бұған біраз азаматтардың септігі тиіпті. Олардың салақұлаш тізімін сағыздай созыбай қояйық. Бастылары айтар болсақ, Олимпиадалық резерв даярлайтын балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Жалғас Бітімбаев, Қаратөре орта мектебінің директоры Кешубай Маханов, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Айдар Әмишаев, балаларды жаттықтыру үшін ауылға арнайы келген бапкерлер Тұрар Мырзаліев пен Әсет Жұмағалиевтер бұл іске барынша үлес қосады. Біздің Сәмен ағайдың заманындағыдай Алматыдан келе сала бокс секциясы аша беретін мамыражай кез емес, олар көк есік пен көп есіктің бәрін кіріп шығады. Ауыл ағалары тиісті орындарға хат жолдайды. Тым белсенділері

талай мекеменің табалдырығын тоздырады. Тіпті, бұл мәселеден облыс басшылығы да құлағдар болады. Ақыры, авиаторларымен, қаламгерлерімен және суретшілерімен баршаға танылған Қаратөренде тағы бір өнерді ілгерілетуге жол ашылады.

мандары кәдімгідей назар аудара бастады. Жұрт сары уыз боксына «Сары қасқыр» деген лақап ат беріпті. Соны естігенде Бердібек ағамыздың баяғы «Жекпе-жегі» Мұрат Батырбаевтың америкалық карсыласы Питер Сандерестің лақап аты «Қысқы мұрын найзағай» екені есімізге түсті.

Боксшы Мұрат рингте сол Сандерестің қысқы мұрны әбден тегістеліп болғанша соққылайтын еді...

Шаршы алаңның шыбығы

Жақында сол «Сары қасқыр» Астанада ұйымдастырылған беделді республикалық турнирге келіп, шаршы алаңда бақсыдай ойнады. Қарсыластарын ойсырата жеңіп, финалға қиналмай жетті. Тек ақтық бәсекеде сәл асығыстық танытамын деп, есе жіберіп алды. Бірақ жеңілдім деп жүні жығылған жоқ. Көзінде от. Қимылы ширақ. Намыстан жыл жібергенді түр. Осының бәрін әлеуметтік желі арқылы тікелей репортаж жүргізген журналист әріптесім, Ұлыбританияда бізін алып, елге оралған озық ойлы оғалдан Нұрбек Әмиша бокс жанкүйерлеріне түгел көрсетті. Оның өзі де аулымыздың ақ құмында аунап өскен бала. Сол күні күллі Қаратөре жұрты Дамир Ибрагимов бапкер боп келген соң Қаратөре боксшының көші ілгерілей түскен. Бұлшық еті шымыр, ұстаздық қабілеті жоғары Дамир біздің ауылдың бірбеткей балаларының тілін тапқанға ұқсайды. Кезінде өзі де бокспен айналысып, біршама жетістікке жеткен ол теңіз жағасында балық жеп өскен қаратөрендіктердің бүгінгі буынын шынықтыруға шындап кіріскен сияқты. Талай адам қолға алып, тапқылта алмаған спорттың бұл түрін соңғы кезде жеңімпаздардың көптеп бой көрсетуі – осының дәлелі.

Солардың ішінде Қайрат Тұрмаханов деген сары уыз бозбала суырылып шықты. Қарсыластарын шақ келтірмейді. Аудан, облыс, республика көлеміндегі жарыстарға барса, жүлдесіз қайтпайды. Тек бірінші орынға ұмтылады. Бойы бір тұтам болғанына қарамастан спорт шеберлігіне кандидат көрінеді. Оған кәсіби бокс ма-

мірі бірінші спорттық бәсекесі – пішен ору. Ер-азаматтың күш-қуаты қанша бау пішен орғанымен, жаз мезгілінде қанша күде шөп жинап алғанымен өлшенеді. Пішен орауа қыры жоқ еркек босбелбеу әрі боркесі болып саналады. Ал енді сол Тұрмахан ағамыз пішен орудан алдына жан салмайтын. Қол орақты қиялап тартып, әр сілтеген сайын бір құшақ шөпті баудай түсіріп, дестелеп тастап келе жатқанда қимылына көз ілестейтін. Боз қойлегін суға малып алып, маңдайы жіпсіп, қалың нуды жапыра жөнелетін Тұрмахан ағамның алапат екпінне бала біткен қызыға қарап тұратынбыз. Бойы ұзын болғанымен өзі ап-арық алаңға осынша жігер қалай біткен деп таңырқайтынбыз. Міне, Қайраттың бойындағы бұла күштің негізі қайда жатыр?! Бұл Қайрат – ілгеріде өмірден өткен Тұрмахан ағамыз бен Аққыз жеңісіндің Дулетхан деген ұлынан өрбіген перзент.

Ашығын айтқайық, бокстағы бағы мен бабы Қайраттың өз қолында. Ерінбей еңбектенсе, жалықпай жаттықса, тынбай тер төксе, талантты бапкер ағасы Дамирдің ақыл-кәнесіне үнемі құлақ асса, бұдан да биік белестерді бағындырған үстіне бағындыра бермек. Бұл өнерді жан-тәнімен сүйетін Дамир секілді жанкешті жаттықтырушы болмаса, қиялдағы Қаратөренге кім бармақ?! Өркімнің үйінде жатып, мазасы кетіп жүргеніне қарамастан, ауылдың қарасирақ балаларын жұдырықтауға кім үйретеді?! Оның үстіне, ел асқалдары қайта-қайта хат жазып, бапкер тұрақтамайтын шалғай ауылға қаладан маман шақыра берме дейсің бе?! Ендеше, Қаратөренге бокс қолғабын арқалап келген Дамирдің бар өнерін тездетіп бойға сіңіріп алған жөн. Сырдың «Сары қасқыры» белестен белеске беттесін десек, бәріміз де оған тілеулес болуымыз керек.

Ілгеріде белгілі журналист Қыдырбек Рысбекұлы әйгілі боксшы Мақсұт Омаров жөнінде «Шаршы алаңның шыныры» деген мақала жазып еді. Бұл тезуан өз дәуірінде ел-жұрттың аузынан түсетінін тіркесе айналған-ды. Жұдырықтау өнерін әліппесін сәтті бастаған аралдық боксшы баланы әзірге шаршы алаңның шыбығы деуге болатын шығар.

Несі бар, бабы келіссе шыбық есіп шынарға айналмайтын ба еді?!

Қыдырбек РЫСБЕК, спорт журналисі:

ТЕҢБІЛ ДОП ҚАЗАҚҚА ЖАТ БОЛСА, ТИМУР СЕГІЗБАЕВ ШЫҚПАС ЕДІ...

– Әңгімені, тотесінен бастасақ, спортты біз тым саясиландырып жіберген жоқпыз ба?! Алпауыт мемлекеттер арасындағы саяси ойындар да спортшыларға салқынның тигізетін сияқты...

– Спорт саясаттан ешқашан іргесін аулақ салған емес. Елдің, ұлттың, мемлекеттің мүддесі жүрген жерде бұл сала саясаттан алыстамайды да, алыстаған да емес. Тіпті, болашақта мұнан да әрі жақындауы ықтимал. Мәселен, Олимпиадаға 205 мемлекет қатысатын болса, сол елдердің бір жарым-екі миллиард халқы доғаға көз тігіп отырады. Рас, біз сол жерде саясатқа қатысымыз бар екенін ойламаймыз, бірақ саясаттың ішінде отырамыз. Қайсыбір жылдары Рио-де Жанейрода өзбек спортшыларына төрешілердің бұра тартуы өзбек үкіметінің, олимпиадалық комитетінің жаксы жұмыс істегенін көрсетеді. Болмаса, Левит пен Тищенконың жекпе-жегі ше?! Боксшымыз Олжас Сәттібай ширек финалда өзбек боксшысынан жеңілген жоқ. Әлемнің білікті мамандары мұны мойындады. Алайда, жігіттеріміздің жолы төрешілердің әділетсіздігінен кесілді. Сондықтан спорт пен саясат ат үстіндегі қазақтың екі үзеткісі тәрзіді.

– Қазақ спорттың ішінде бетімді қызартып, жанарымызды төмен салдыратыны футбол деп айтуға болады. Сонда біздің аяқдоңқа ебіміз болмағаны ма? Легионерге құмартамыз да жүреміз. Қандай пікірдесіз?

– Бұл тек қазақтың ғана емес, әлем бойынша теңбіл допқа көңілі ауған талай ұлт пен ұлыстың бас ауруы. Маған осы нәрсе шешілмейтін түйін тәрзіді көрінеді. Футболда жұртты өзіне қаратар мықты маманың болмаса, ұлттық мүдден қылаң бермесе, бойында қазақы қаны тулаған, балағының біті бар баланды алдымен бапкерлікке дайында. Әуелі сол футболдың ғалымы қыл. Содан кейін бапкер, футболдағы іргетасыңды жақсылап тұрып қала. Мейлі, Бразилиядан, Германиядан бапкер әкелгенмен болмайды. Сосын спортшыларымыз қалай тамақтанып жүр?! Тағамы қайдан келеді?! Тоназытқышта айлап жатып қалған тауықтың етін жеуі мүмкін. Өзінің генфондындағы қазы-қартасы бір жағына қалып, чипсы жейді. Мұның бәрі қазақ баласының жетілуі үшін не нәрсе әсер етеді деген сұрақтан туып отыр. Біз әлі күнге Мәскеудің тамақ рационын қолданып келеміз. Алыстан келген қонағына тойларда қай ата-баба сиыр сойып беріп еді? Спорт интернаттарында он ай жататын сайыпқырандарымыз қазір сиыр мен тауық етін жеп жатыр. Қайдағы әл, қайдағы қуат? Біз футболдан қазақтың балалар бапкерін дайындадық па? Біздің ізбасарларымыз аяқдоптың әліппесін қалай ашып жатыр? Кейінгі ширек ғасырда Азияны мойындататын бір қазақ футболшысы шыққан жоқ. 1961 жылдың мамырында Тимур Сегізбаев он тоғыз жасында Кеңес Одағы чемпионына алғаш алаңға шығып, чемпионаттың қош басындағы



«Беларустін» (кейін «Динамо») болып өзгерді) қақпасына қатарынан екі доп соқты. Сол Тимур көктен түскен жоқ, қазақтың қарашанырағында өсті. Тума табиғатпен келді де футболды төңкеріп жіберді. 1964 жылы Еуропаның ең күшті клубтарының бірі Мәскеудің «Спартагының» қақпасына, анау-мынау емес, кеңес футболының мэтрі Николай Старостиннің командасының қақпасына Тимур Сегізбаев жауапсыз екі доп соқты. Николай Старостин «Қайраттың» киім ауыстыратын бөлмесіне келіп, қазақтың жиырма үш жастағы жігіті Тимурдың қолын

алады. Егер футбол қазақтың ыңғайына келмесе, ала доп бізге жат болса, Тимур шықпаған болар еді...

1970 жылдардың басында Кеңес Одағын Құралбек Ордабаев дүр еткізді. «Қайрат» он бір ойынның онында пенальтиден жеңіп шықты. Құралбек сонда «Қайраттың кара құлпы» деген атты иемденді, пенальти қайтаруда Кеңес Одағының №1 қақпашысы болып шыға келді. Біз қазір осындай футболшыларды дайындай алдық па? Сейілда Байшақовтың КСРО құрамасында ойнауы ше?! Сол тұста әлемдегі тегеурінді құрама сапында сыңға түсті

ол. Бізге нағыз футбол керек болса, ұлттық негізге сүйену керек. Сырттан келген легионерлермен қазақ футболын жарылқай алмайсың. Дәл қазір жұз соққы алып, боксшы болғаннан мылтық атқан жақсы емес пе?! Отыздан аса боксты доғарасың, ал мылтықты алпыс беске дейін атсаң да, ешкім қой қионертен төмен. Ал легионерге кеткен қаражат желге ұшқан ақша. Құрастың талай долада олжа салған Керей Қойшыбаев, Аманкелді Мұсабеков, Аманжол Бұғыбаев тәрзіді майталман мамандарымыз ше?! Ал, қазіргі ізбасар дайындап жатқан бапкерлеріміз 90-100 мың теңгемнен кімді дайындайды? Көңілі алаң ғой, ашқұрақ.

– Түйіндеп айтқанда, спортты дамыту үшін не керек?

– Ең бірінші мықты кадр керек. Сосын видеонализ жасайтын әдіскерлер керек. Бапкер – қазақ баласының жан дүниесін түсінетін адам болуы керек. Ал ондай бапкерді Испанияның не болмаса Италияның мамандарынан іздеу дәу шөмеленің ішінен ізе іздеумен тен.

– Қазір спорттың қай түріне алдымызға мол? Жекпе-жекте олармызға жан салмаймыз деп жатамыз ғой.

– Жүйесін тауып баптаса кез келген спорт түрі қазақ баласының оң жамбасына келеді. Қазақта көз мерген, қол мерген, дыбыс мерген болған. Мәселен, дыбыс мерген қарамайды, көздемейді, шыққан дыбыстың ізмен олжасын қағып түседі. Қазіргілер винтовкадан миллиметріне дейін есептен атады. Ширек ғасырда

қазақтан бір мерген шыққан жоқ. Ұлттық саясаттың кемшін тұсы осы. Біз неге мылтық атпаймыз, бір жылда бастан үш жүз соққы алып, боксшы болғаннан мылтық атқан жақсы емес пе?! Отыздан аса боксты доғарасың, ал мылтықты алпыс беске дейін атсаң да, ешкім қой қионертен төмен. Ал легионерге кеткен қаражат желге ұшқан ақша. Құрастың талай долада олжа салған Керей Қойшыбаев, Аманкелді Мұсабеков, Аманжол Бұғыбаев тәрзіді майталман мамандарымыз ше?! Ал, қазіргі ізбасар дайындап жатқан бапкерлеріміз 90-100 мың теңгемнен кімді дайындайды? Көңілі алаң ғой, ашқұрақ.

– Түйіндеп айтқанда, спортты дамыту үшін не керек?

– Ең бірінші мықты кадр керек. Сосын видеонализ жасайтын әдіскерлер керек. Бапкер – қазақ баласының жан дүниесін түсінетін адам болуы керек. Ал ондай бапкерді Испанияның не болмаса Италияның мамандарынан іздеу дәу шөмеленің ішінен ізе іздеумен тен.

– Қазір спорттың қай түріне алдымызға мол? Жекпе-жекте олармызға жан салмаймыз деп жатамыз ғой.

қазақтан бір мерген шыққан жоқ. Ұлттық саясаттың кемшін тұсы осы. Біз неге мылтық атпаймыз, бір жылда бастан үш жүз соққы алып, боксшы болғаннан мылтық атқан жақсы емес пе?! Отыздан аса боксты доғарасың, ал мылтықты алпыс беске дейін атсаң да, ешкім қой қионертен төмен. Ал легионерге кеткен қаражат желге ұшқан ақша. Құрастың талай долада олжа салған Керей Қойшыбаев, Аманкелді Мұсабеков, Аманжол Бұғыбаев тәрзіді майталман мамандарымыз ше?! Ал, қазіргі ізбасар дайындап жатқан бапкерлеріміз 90-100 мың теңгемнен кімді дайындайды? Көңілі алаң ғой, ашқұрақ.

– Түйіндеп айтқанда, спортты дамыту үшін не керек?

– Егер ұмытпасаң, жеңіл атлетиканың олимпиадалық бағдарламасында қырықтан аса түрі бар. Неге біз Рыпакова секірген қарғуды қолға алмаймыз? Оған бір спорт сарайын салудың қажеті жоқ қой. Бізді біреу найза лақтыра алмайды деді ме?! Біз империяның мықтыларын мысалға аламыз да, өзкімізді төмендетеміз. Кезінде Қажымұқан ешкімнен санасқан жоқ. Дулет Тұрлыханов пен Серік Қонақбаев та қарсыластарымен санаспады. Құрығанда жеңіл атлетиканың он түрін қолға алуымыз керек. Балтық жағалауы елдері найза лақтырудан олимпиадаларда жүлде алып жүр. Біз ше?! Сегіз қырлы, бір сырлы халықтың баласымыз. Бірақ дәл қазір бокс пен күрестен басқа бар-бар жер, басар тауы жоқ ел тәрзідіміз. Терең ойлансақ, құлдық қамытын сыпырып тастап, жүйелі тірлікке кіріссек, спорттың көп түрін жүздеген бауырдың бағы жанар еді.

– Әңгімеңізге рақмет.

Әңгімелескен Дулет ҚЫРДАН, «Сыр бойы».

MAMAN JÁNE ZAMAN

СЫР МЕДИЦИНАСЫ СЕНІМДІ ҚОЛДАУҒА ИЕ



Соңғы 5-6 жыл көлемінде әлеуметтік салада оның ішінде, денсаулық сақтау саласын дамытуда облыс әкімінің қолдауымен ауқымды жұмыстар атқарылып жатқаны белгілі. Осының негізінде Сыр елі республика көлеміндегі өзге аймақтар арасында әлеуметтік салаға ең көп қаржы жұмсап отырған бірден-бір облыс ретінде танылды. Бұл жөнінде облыс әкімі жуырда өткен есепті кездесуде де айтқан еді.

Айнұр БАТТАЛОВА.

Сыр медицинасының заман талабына сай жарактан-дырылуымен қатар, тұрғындарға сапалы қызмет көрсетуде мамандар біліктілігін манғызы зор. Өйткені, білікті кадр – сапалы қызмет кепілі. Осы орайда кадрдың қадірін білген аймақ басшысы салада маман ташылығын жою бағытында бірқатар тың бастамаларды көтеріп, өзге өңірлерге үлгі көрсетіп келеді.

Мәселен, 2016 жылдан бастап облыс әкімінің гранты негізінде еліміздің 5 жоғары оқу орнында 42 жас даярлана бастады. Олардың алғашқы легі биыл оқуын аяқтап, туған жерге келіп қызмет етуге әзір. Атап айтқанда, 2019 жылы – 16, 2020 жылы – 15, 2021 жылы – 10, 2022 жылы 1 дәрігер резидентурасын бітіреді.

Облыс әкімінің еңбегі ұшан-теңіз. Әсіресе, маман ташылығын жою бағытындағы бастамалар оң нәтиже көрсетіп отыр. Республикада біздің өңірде ғана облыс әкімінің арнайы грантымен мамандарды резидентурала оқытамыз. Бізге жетіспейтін мамандар негізінен, акушер-гинекологтар, неонатологтар, анестезиолог-реаниматологтар, фтизиатрлар, рентгенологтар, психиатрлар. Бұлардың бәрі – ең қиын, жауапкершілігі ең жоғары мамандықтар. Бұлар бізде ғана емес, бүкіл еліміз бойынша тапшы. Бұл ретте облыс басшысы мамандар ташылығын жоюда үлкен әрі батыл қадамға


барды. Біздің облыстың бұл бастамасын көрген өзге өңірлер резидентурала оқытуды енді қолға ала бастады, – дейді облыстық денсаулық сақтау басқармасының персоналды басқару және ұйымдастыру бөлімінің басшысы Зәуреш Сарыбаева.

Тәжірибелі 30 дәрігерді даярлау үшін биыл тағы облыс әкімінің арнайы гранты бөлінді. Оған мектеп және медициналық колледж оқушылары арасынан үздіктер іріктеліп алынды.

Облыс әкімінің арнайы грантымен оқуға түскен оқушылар жатақханамен қамтылған. Біз олардың жағдайын үнемі бақылап отырамыз. Бақалавр бойынша да бізден басқа ешқандай облыс маман даярлау жатқан жоқ. Сондықтан біз мұны мақтаншыпен айта аламыз. Бақалавр бойынша оқып жатқан мамандар негізінен бастапқы медициналық көмек көрсету ұйымдарында жалпы тәжірибелі дәрігер, жалпы хирург болды. Осы қарқынмен біздің облыс екі жылда маман ташылығын жоюды деп ойлаймын, – деген Зәуреш Сағатқызы облыстағы биылғы тапшылық 205 дәрігерді құраса, биыл 137-ні көрсетіп отырғанын айтты.

Бөлім басшысының айтуынша, дәрігер жетіспеушілігі бүгінде бастапқы медициналық санитарлық көмек көрсету ұйымдарында сезіледі. Себебі, сол деңгейде көрсетілетін қызмет сапасын арттыру мақсатында аймаққа тіркелген

халық санын 2200-ден 1800, 2020 жылға 1500-ге дейін жеткізу жұмыстары жүргізілуде. Осы орайда өткен жылы 23 қосымша аймақ ашылып, 1 аймаққа тіркелген халық саны 1689-ға жетті. Қосымша аймақтардың ашылуы өз кезегінде дәрігерлерді қажет етеді. Десе де, бұл да шешімін табуда.



Әсіресе, ауылдық жерлерде маман ташылығын түгел жойдық. Бүгінде аудандарда ваканция жоқ. Бұл да атқарылып жатқан ауқымды жұмыстардың нәтижесі. Мысалы, 2017-2018 жылдары 145 жас маман облыстың денсаулық сақтау саласына тартылып, оның 60 проценті бастапқы медициналық санитарлық көмек көрсету ұйымдарына жіберілді. Осылайша БМСКК ұйымдарының дәрігерлермен қамтылу қорсеткіші 95 про-

центке жеткізілді, – деді және сөзінде З.Сарыбаева.

Салада дәрігерлер тапшылығын жоюдың тағы бір әдісі – мамандардың біліктілігін көтеру, қайта даярлау. Бұл бағытта республикадағы жетекші медициналық оқу орндарымен меморандумдар жасалып, тығыз байланыс орнатылып келеді. Соның негізінде ақ халаттылардың білімін шыңдап, кәсіби білім арттыру үшін жергілікті бюджеттен қолдау бөлінуде. Мәселен, өткен жылы 767 маман білімін жетілдіріп, 720 дәрігер шеберлік дәрістеріне қатысып, құзыреттіліктері мен біліктіліктерін көтерген.

Алыс-жақын шет елдердің ірі клиникаларынан біліктілік курстарынан өтіп, көрген-білгендерін, көкейге түйгендерін қызмет барысында көлеге асырып жүргендер де аз емес. Атап айтқанда, былтыр Корея мемлекетінде – 7, Қызылорда облысы мен Татарстан Республикасы арасындағы екіжақты қатынасты дамыту жөніндегі Жол картасы аясында 157 маман біліктіліктерін көтеріп қайтты.

Кореяда болып, біліктілігін жоғарылатқандардың бірі – Жанна Қалдыбаева. Ол балалық перинаталды орталығы бас дәрігерінің неонатология ісі бойынша орынбасары. 2012 жылы Литваның Каунас қаласында тәжірибе жинақтаған

ден емес, жан-жағындағы қалалардан да науқастар көптеп келеді. Біз барғанда 45 нәресте ем алып жатты. Олардың бәрі ауыр науқас. Клиника АҚШ-тың әдіс-тәсілдерін пайдаланады екен. Мамандары да сол жақтан оқып келеді. Екі аптада үйренгенім көп болды. Жұмыстардың бәрі жүйеленген. Жұмыс жүктемесі біздегідей көп емес. Өркім өзіне тиесілі ғана шаруасын істейді де, қалған уақытта ғылыми жұмыспен айналысады. Ал, материалдық базасына келсек, олардағы құрал-жабдықтар біздің орталықта да тұр. Яғни, оларда тұрған құрылғылар, түрлі қажетті қондырғылар бізде де бар. Осыны көргенде қатты қуандым. Біз де ешкімнен кем емеспіз деген мақтанш сезімі кернеді бойымды. Екі аптада алған әсерімді сөзбен жеткізе алмаймын, – дейді.

Кореяда білімін жетілдіріп, тәжірибеден өткен маманның бірі – Қызылорда қалалық ауруханасы хирургия бөлімінің менгерушісі, дәрігер-хирург, эндоскопист Бауыржан Жұмандықов.

Ол жақта ота жасаудың тың тәсілдерін үйреніп, медицина саласының соңғы жетістіктерімен таныстым. Көңілге түйгенім көп болды. Медицина – күн сайын жаңарып отыратын сала. Сондықтан үнемі ізденіс, үздіксіз білім қажет. Ол үшін осындай шаралардың

Жаннаның Кореяда көрген-білгендері тіпті бөлек.

– Былтыр маусым айында облыс әкімінің қолдауымен Кореяның Сеул қаласындағы Северанс клиникасында екі апта тәжірибеден өтіп келдік. Ол клиникада шала туылған нәрестелердің әсіресе 1000 грамма дейінгі шақалақтардың тірі қалу қорсеткіші 95 процент екен. Бізде 65 процент. Сондықтан олардың нәрестелерді қуту тәжірибесі бізге өте қызық болды. Ол клиникаға тек Сеул-

манғызы зор екені белгілі. Кореялық әріптестерімізден үйренгенімз бүгінде көкемізге жауап жатыр, – дейді ол.

Салаға маман тарту, дәрігерлердің біліктілігін арттыру жолындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғаса бермек. Өйткені, сапалы қызметтің басында білікті кадр тұратыны белгілі.

Суреттерді түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ.

Бүгінде сот жүйесін дамыту, сот төрелігінің жауапкершілігін арттыру мақсатында жүйелі жұмыстар атқарылуда.

СОТ ТӨРЕЛІГІНІҢ САПАСЫ

Өткен жылдың 26 желтоқсанында және биылғы жылдың 21 қаңтарында мемлекеттік сатып алу, меншік құқығын қорғауды күшейту және сот жүктемесін оңтайландыруға бағытталған кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұл өзгерістер Мемлекет басшысының «100 нақты қадам – баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» атты Ұлт жоспары және Елбасының Қазақстан халқына арнаған жыл сайынғы Жолдауларында берілген тапсырмаларына сай жүргізілді.

Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға енгізілген түзетулерге сәйкес, енді өнім беруші тұрақсыздық айыбын төлеп, шарттық міндеттемелер толық орындалса, тапсырыс берушіге келтірілген залал болмаса, тапсырыс беруші өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талаппен сотқа жүгінуге міндетті емес.

Бұл өзгеріс тапсырыс беруші мен өнім берушіге тиімді әрі экономикалық соттарға осы санаттағы талап арыздардың түсуін біршама азайтады.

Сондай-ақ «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңның «Мемлекеттік сатып алу процесі», «Мемлекеттік сатып алуға қатысуға байланысты шектеулер», «Орталықтандырылған мемлекеттік сатып алуға жүзеге асыру тәртібі», «Әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары», «Әлеуетті өнім берушінің анық емес ақпарат беруінің салдарлары», «Мемлекеттік сатып алу саласында қалыптастырылатын тізімдер», «Мемлекеттік сатып алуға жүзеге асыру тәсілдері», «Үкілетті органның құзыреті», «Мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың өкілеттіктері», «Конкурс, аукцион, баға ұсыныстарын сұрату, бір көзден алу, тауар биржалары арқылы тәсілдермен мемлекеттік сатып алуға жүзеге асыру», «Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу», «Шағым жасау» ережелері қаралған баптарына бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Меншік құқығын қорғауды күшейту, төрелік, сот жүктемесін оңтайландыру мәселелері бойынша қабылданған өзгерістер мен толықтырулар да бірінші кезекте ел тұрғындарының мүддесін қорғауды көздейді.

Түзетулер бойынша азаматтық процесік заңнамамен даусыз істер бойынша нотариуска жүгінуге талабы белгіленді. Енді нотариалдық жазба бойынша өндіріп алу



мүмкіндігі болса, тараптар сотқа жүгінбейді. Сотқа жүгінген жағдайда судья талап қою арызын қайтарады, егер талап қоюшы дауласу ниетінен қайтпаса, заңда белгіленген дауды реттеуді соттан тыс тәртіпін бұзса, судья іс бойынша сот шығаратын талап қоюшыға жүктейді.

Жалпы бұйрық арқылы іс жүргізудің 18 талабының 9-ы нотариатқа оңайлатылған тәртіпін іс жүргізудің 12 санаттарының 10-ы бұйрықтық іс жүргізуге берілді.

Қызылорда облысы соттары 2018 жылы 4500-ге жуық сот бұйрығын шығарса, олардың 50 процентін астамы ағымдағы жылы нотариатқа берілетін талаптар.

Сот жүктемесін оңтайландыру бағытында сот орындаушыларының әрекетіне берілетін 18 санкция ішінен сотқа екеуі ғана қалдырылды (күштеп әкелу және елден тыс шығуға тыйым салу). Істердің басым көпшілігі қаралатын Қызылорда қалалық соты 2018 жылы берген санкция саны 63914 болса, жоғарыда көрсетілген сотқа қалдырылған екі түрі бойынша 17025-ті немесе 27 процентін ғана құрайды.

Банк шоттарына тыйым салуды санкциялау және банк құпиясын құрайтын ақпаратты талап ету прокуратураның өкілеттігіне берілді.

Сондай-ақ, сот орындаушысының қаулысын сот не прокурор материалдар санкциялауға келіп түскен кезден бастап бұрынғыдай істері сол күні емес, үш жұмыс күні ішінде қарауы тиіс.

Бұл жаңа бастамалардың барлығы құқық үстемдігін арттыруда, еліміздің тұрғындарының құқықтары мен заң мүдделерін қорғауда, сот төрелігінің сапасын жақсартуда жемісін береді деп сенеміз.

ӘШЫҒАМБАЕВ, облыстық соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы.

BIR NYSANNYŃ TARHY

ОРНЫ БӨЛЕК ОРТАЛЫҚ

Осы әдемі де, еңселі ғимаратты көрген сайын оның салынуына өз үлесімді қосқаным есіме түсіп, кеудемді мақтанш кернейтін бар. Осыдан 20 жылдан астам уақыт бұрын пайдалануға берілген облыстық медициналық орталық, ондағы ұжым бүгінде Сыр халқының саулығын сақтау жолында еңбек етіп келеді.

1980-1991 жылдары мен облыстық атқару комитеті жанындағы құрылыс бөлімін басқарғандықтан, облыстық медицина орталығын салуға тікелей атсалыстым. Жалпы құрылысы ретінде қаладағы біраз нысанның алғашқы қазығынан бастап соңғы жұмыстарына дейін атқарған кезім аз емес. Бірақ осы ғимарат мен үшін өте ыстық.

Ең алдымен, нысанның салынуы сол кездегі ел басқарған азаматтар еңбегі екенін айта кеткенімз жөн. Бұл күндері ел игілігіне қызмет етіп келе жатқан орталықты салуға 1980-жылдардың аяғында облысты басқарған Еркін Әуелбеков бастамашы болды. Оның қажеттігіне республика, Одақ басшыларының көзін жеткізіп, арнайы қаулы қабылданды. Тоқсаныншы жылдары облысқа жетекшілік еткен Сейілбек Шаухаманов, саланы басқарған Ернияз Омаров, Тұрғанбай Махановтар осы бастаманы жүзеге асырудың басында тұрды.

Әр құрылыс нысанының өзіне тән тарихы мен қиындығы болады. Мысалы, облыстық партия комитеті мен атқару комитетінің қаулысына 750 орындық емхана болып кірген диагностикалық орталық 1989 жылы жоспарға енгізерде, оның тез іске қосылуын ойлап сол кездегі басшылар жартылай бітіп тұрған төртқабатты облыстық автомобиль жолдары құрылыс мекемесінің әкімшілік ғимаратын пайдалану тиімді деген шешімге



келген болатын. Осыған байланысты бізге бұл ғимаратты тиісті мамандармен бірге зерттеп, ұсыныс беруді тапсырды. Біз 19 жерден суретке түсіріп, тиісті құрылым өкілдерімен бірлескен тексеру нәтижесінде ғимараттың

сапасыз және әкімшілік мақсатында салынғанына байланысты оның көпшілікке қызмет ететін диагностикалық орталық сияқты өте жауапты емдеу орнына пайдалануға жарамсыз екенін дәлелдеген болатынбыз. Күллі елдің қызметіне жарайтын медициналық орталықты салуға тапсырыс берудің өзі жауапты іс.



Ертең ғимарат жұрт көңілінен шықпаса, оның сұрауы бізден болады. Сондықтан да біз бүл істі жан-жақты тиянақтадық.

Әу бастағы жоспарда 600 орындық аурухана, 1200 орындық емхана және 250

орындық пансионат болады деп жоспарланған орталықтың қаржы көзі "Манғыстау мұнайгаз" бірлестігіне қарасты "Құмкөлмұнай" мұнай-газ өндіру басқармасы есебінен алынатын 720 мың тонна шикі мұнайдан түсетін қаржы болды. Оны сатудан 81,3 млн АҚШ доллары түсетіні де есепке алынды. Бірақ, бұл қаржы нысанның бірінші құдығына дейінгі қорықтардың ғана бағасы еді, қалған инфрақұрылымын тарту республикалық қаржы көздерінен қаралатын болды. Сонымен, нысанды салу үшін конкурс жарияланды. Оған қатысқандардың ішінде неміс, француз, түрік және болгар компаниялары болды. Қорытындысында "Главболгарстрой" компаниясы конкурс жеңімпазы болып танылып, жобасын "Софияпроект" жобалау институты әзірледі. Орталықтың жобасы мен сметалық құнын республикалық бас сараптама мекемесінен өткізу, оған ондаған мемлекеттік органдардың қолын қойдыру оңай болған жоқ. Бірақ соның бәрін дер кезінде үлгерттік. Осылайша, келісілген мұнай көлемінің алғашқы 80 мың тоннасы "Казхинторг" мекемесі арқылы Швецияға сатылды. Қазіргідей шетелмен байланысымыз дами қоймаған ол кезде мұндай сауда жасау да оңай емес болатын. Одақ кезіндегі мұнай өнімдерін жіберу тәртібіне орай, Түменнен Павлодар мұнай өңдеу зауытына сұйық мұнай айдалатын, ал Павлодар оны Шымкенттегі зауытқа жіберетін. Осы бөлікті Түменнен Латвияға бірден жіберу керектігі шешілді. Бірақ, тиісті жерге жеткенге де бірнеше мұнай құбырлары арқылы өтіп, әр құбыр иелері өздеріне тиесілі қаржыны ұстап қалып отырды. Осының салдарынан қаржы жоспарланған мерзімнен 1-1,5 жыл кешігіп жетті. Оның өзінде де шетелдік банктер арқылы Қызылорданы ашылған Әлембанк филиалына түсіп, 1992 жылы құрылыс басталды.

Алмат ЖАШПАСАЕВ, еңбек ардагері, Қызылорда қаласының құрметті азаматы.

ҒАЛАМ САРЫНЫНЫҢАН ЕСКЕН ТУЫСТЫҚ ҮНДЕРІ

Бір атадан тараған адамзат бастауы туралы дін тұжырымы кесімді. Бұл – Жер бетіндегі қараорман халықтың туыстығын, нәсілдік біртектілігін, түптеп келгенде, гуманизм мұратын алға шығаратын ізгі идея. Ал ғылыми тұжырымдар әлі бір жүйеге келе алмаған шашыранды пікірлер түрінде жүр. Біразы Ч.Дарвиннің эволюциялық даму ілімінің физиологиялық, нәсілдік, моральдік-саяси негізсіздігін дәлелдеді. Сөйтіп де, Адам тарихының бастауын ғарыш келімсектерінен, тіпті, қиялдағы бір әлемдерден іздеп кетті. (Соңғысы материалистік қисынға табан тірегенімен, хикметі тұжырымға келіпкірейді). Осы күні ми зендірер сан жорамал көп. Ендеше, діни ілім айтатын – дүние, Адам жаралуының эпсаналық астарында табан тірер ақиқаттар жатқанын қалай пайымдай аламыз? Сондайлық ақиқат өзегіне жету бізге әлі алыс сияқты. Ал хикмет сөзі қысқа тұжырман Топансу мен адамзаттың «екінші» өмір бастауына кірпіз ғылым, дегенмен, біртіндеп жакын келді. Бүгін өмір сүріп жатқан біздерге сол, «екінші» өмір бастауы мәндірек боп тұр, ағырсына, әзірге, салауат дей тұрайық.

Ғылым Жердегі тіршіліктің жаңа кезеңіне 13 мың жыл межені жиі айтады. Бұл соңғы мұз басу дәуірінен байланыстырылады. Сірә, «мұз дәуірі» Топансумен бірге орнаған суықтық түрінде келсе керек. Ол көп аумақты қамтығанымен, кей жорамал айтамындай, бүкіл Жер шарын түгел шармап алмаған. Тонда қалған кей артефактылар (мамонт, басқа да тіршілік қалдықтары) сол суда тұншығып, мұзға қауып сакталған белгілер. «Все было стерто с лица Земли...» деп түйді орыс ғұламалары мұз дәуірі туралы. Және мұны топансуға қатысыз түрде айтады. Солай, Жер бетіндегі өркеніет пен тіршіліктің тұлдыр қалдырмаған бір үсірік жүрген. Демек, сонау алыс 15-20, 30-50 мың жылдардан әріден табылып жатқан кей өркеніет жәдігерлері – қиял жетпес ілгері кереметтер куәлері деу керек...

Ендеше, мұз бен судан аман қалып, мезолит дәуірі соңының жабайыпендісі түрінде «екінші» рет өмір бастаған адамдар кімдер еді? Олар қай атажұртта жер басты? Қай тілде сөйледі? Бұл ретте кесімді хикметі сөз Нұх пайғамбар, оның құтқарушы кемесі, құтқарылған өмір, Жеді, Арапат, Қазықұрт тауларына сілтейді... Ал эволюция ұстанған ғылым қисындарына, соңғы кезде, күйреген континенттер, солардан жер-жерге көшкен протохалықтар туралы қызық жорамалдар қосылды. Бұлар біршама негізді дәйектермен демеулен. Бірақ, күмәнді жақтары да баршылық. Мысалы, Тынық мұхитта – Му континенті, Үнді мұхитында – Лемурия, Атлант мұхитында – Атлантида, Солтүстік мұхитта – Гиперборея күйреп, су астына кетеді. Шамамен, бәрі бір мезгілде. Осы апаттар «парады» көңілге күмән ұялатады. Мұхит басы бір-бір континенттен жұта берген. Бұл қисынға бақса, Жер даламағы өз орбитасынан шығып, ғарышқа қанғып не шашылып кетуі керек еді... Соған қарағанда, аңыздарды дәйектеушілердің кей тарихи дақырттарды өрбітуі көбірек болған. Мұзды мұхитта Евразияның шельфтік аралдар тізбегі болмаса, су астынан континент нобайы байқалмайды. Көмі 4-6 мың метр ұшанда жатқан Тынық, Үнді, Атлант мұхиттарының сейсмособелдеуі (питаларт түісі) болмаса, континенттер нобайы оларда да жоқ. Ал елгі оқиғалар 12-15 мың жыл шамасы ғана бұрын болған – Жер тарихындағы «секулардтарды» ғана мерзім... Тағы бір қисынсыздық: ежелгі халықтардың бір саналатын арийлер Оңтүстік-Шығыс Азияның нуы-суы, тау-тасын мыңдаған шақырым көктеп өтіп, Үндістанның батысына жетіп, дем басқан болады... Аңыздарға сүйенген бергі ғұламалар (мейлі, ол Саис абыздарынан сыр тартқан Платон болсын, Платон да, түптеп келгенде, пенде) жорамалдары табиғи ежелгі жазба деректерге қарағанда, субъективті, «қоспалы», демек, шындықтан қиыстау болуы мүмкін. (Өрқайсысының өз қисынынан туған субъективті центрзмдер ежелден болған ғой). Қалай дегенде де, сонау ықылымда әркім әркілді жорамалда баян еткен бір ұлы апат болғаны анық.

Осы бедерде, бізге хикмет ұсынатын тарих біршама дәйектілігімен көңіл тұрақтатады. Арғы тарихта Адам Ата пенде боп, жер басқан Саранди биігі, Хауа Анамен бір-бірін 300 жыл іздеп, Арапат тауында қауышыу бар. Топансу алдындағы адам ұрпағынан төрт пайғамбар ғана мәлім... Мәндісі – бүгінгі адамзаттың «екінші» тарихы делік. Расында да, жоғарыдағы 4 мұхиттағы апаттарды жоққа шығармайтын ғаламдық Топансу оқиғасы сол ілім баяндаған сипатта болған деу лозім. Оның үлкен тұжырымы – Нұх пайғамбар кемесінде құтқарылған тіршілік. Ендеше, жұмбағы әлі күлтіулі Қазықұрт (Қазық жұрт!) рухи енесі биіктеп, ролі ғаламдық ауқымға көтерілуі тиіс. Біздің сенім бойынша, бұл миссияға «таласушы» басқа заңғарлар нұқсасында табан тірер орнықты дәлел жоқ. Хикметі ілімдегі Жеді де, Библиядағы Арапат та бұл таумен



«таласа» алмайды немесе олар осы Қазықұрттың өзі болар?.. Қазықұртпен іргелес өмір өзекетері Сырдария мен Әмудария – өмір-дария миссиясына ие болады. («Өзен жағалағанын өзегі талмайды», сірә, әлмисактан қалған тәмсiл, немесе «Сырдан ұшқан күс Әмуге үй шатырларына қона жеткен» дегенде тым көне мәлімет бар). Адамзаттың «екінші» өмірі осы жерлерден бастау алып, ғаламшарға тараған деу қисынды. Кейінгі Тигр-Евфрат, Үнді-Ганг, Ніл, Хуанхэ-Янцзы, Амазония өркеніеттері – сол бастаудан тараған бұтақтар, сонау өзекдік өркеніет дәстүрін дамытушылар. Олар ендігі Атажұрт болмысын ұмытқан, уақыт пен оқиғалар тезінен өткен; діл, тіл, дін адам танымастай өзгерген. Өйтеуір, бізге мәлім айтулы өркеніеттердің бәрі 5-7 мың жылдан бері. Демек, мәлім өркеніеттердің бәрі «екінші» тарих құрсағынан туып жатыр.

Ежелгі адамның жазу таңбалары әлемде шашылған тас парақ – пиктограммалар. Ал ғылыми тұжырымда, жүйелі айқындық алғаны осыдан 5400 жыл бұрынғы көне шумер жазуы. Оның нақтыланғаны 4500 жыл бұрынғы «Гильгамеш». (Ниневия тақтайшалары). Екінші орында көне Мысыр жазулары – 5200 жыл. Көне Қытай жазуларына 4000 жыл және олар осы күнге өлмей жетті. Финикия таңбаларына – 3900 жыл. Ал «Авеста» жазуы туралы мәліметтер орқилы. Оның ресми дінге айналған 2700 жылдық тарихы бір десек, енді бір жорамалда осыдан 4000 жылдан арғыа сілтейтін элементтер бар. Сонда ол Шумер, Мысырдан кейін 3-ші орынға түрде. Десек те, осыдан 4800 жыл (бір деректе 3900 жыл) ілгеріде өркендеген Арқайым... Сынтасты қалалары («Қалалар Еліндегі» елеулі мекендер), онан да әрірек 7000 жылдан астам Тәңірлік өркеніет, жылқы түлігінің осы далада адамға үйірсектеуі, озық-технологиялық өмір белгілері мына далада жатқан тым көне тарихқа тартыды. Өркіне, ғылымның жүгінері – артефакт. Мына кен даладан сонау палеолитке дейек табылуы әлі де уақыт еңшесінде сияқты. Ендеше, дала тілі, дала жазуы (дала өркеніеті сияқты) терен қазып, аса мұқият анықтауды қажет етіп жатқан феномен. Батыс центрізмнің сойылған соғушы, әлемдік ауқымдағы білікті ғұлама, Г.Киссинджер, «Тұран – өркеніеттердің түпотаны» деп бекер мойындап отырған жоқ.

Бізге мәлім ең ежелгі ел – шумерия. Оның алдында олар кімдер еді? Қайда өмір сүрді? Қайдан келді? Адамзаттың сол бір көне көші қалай, қайда бет алды?.. Ежелгі «көштер» шаң көтере жосылған жосын қозғалысы емес, адам тіршілік кеңістігін игерген стихиялы жайылыс түріндегі өмір үдерісі болған. Аңшылықта дамыған мал шаруашылығы үшін мұндай қозғалыс өмір тәсілі еді. (Өркіне, тарих үркінішіліктерін де жоққа шығаруға болмас). Көсөзен жеріне бір текті халықтың шығыстан келгенін Библия куәландырады. «На всей земле был один язык и одно наречие. Двинулись с Востока, они нашли в земле Сеннаар равнину и поселились там.» (Библия, Быт. 1-9). Мұндағы «Шығыс» сілтемесі Месопотамия үшін – сол, «екінші» өмір бесігі Тұран, іргелес Шығыс Иран, әйтеуір, солтүстік беттегі Арапат тауы немесе басқа терістік өлкелер емес. «Сеннаар» – «шумердің» экзотонимі деген де пікір бар. Тарих жоктан тумайды.

Ежелгі шумер тіліндегі түркілік тек бүгінде біршама дәлелденді. Өркеніеттер басында тұрған шумер тілімен біздің тіл үндестігі (туыстығы) өткен ғасырдың 70-жылдарынан зерттеулер мен пікірлер талқысында қайнап-піскен тұжырым. (О.Сүлейменов, «Азия» және сол бағыттағы еңбектер. Пікірлерге дәлел ретінде болмаса, ол оларды қайталамаймыз). Ал енді, алыс жұрттар мен тарихтардағы үндес мазмұнда сөздер туыстық белгісі емей, не болуы мүмкін? Кездейсоқтық емес, заңдылық қисыны сол. Жер ғаламшарына тараған түп-тегі бір өмір бастауына сілтеме осыдан туындайды.

Тигр-Евфрат табиғаты – Сыр-Әмү сипатына келеді, «Қосөзен» өркеніеті Сыр-Әмү дәстүрінің жалғасы деуге үлкен негіз бар. Кейін аққад, бабыл, арамей дәуірлері боп өрленген ежелгі көсөзен дәстүрі сонда жалғаса өркендеген. Ал Ніл өркеніеті шумерден Қызыл теңізге қарай, Палестина, Синай асып, әрі тараған бір бұтақ деу қисынды. Онан теріскей – Финикия, Еуропаның ежелгі өркеніеттерінің бастаулары (Миноя, Микен) шаң бере бастайды. Ғалым А.Нарымбаеваның «Арқам» – очаг мировой цивилизации, созданный прототюрками» кітабында (2007, Алматы) бұл бағыттар ауқымды қамтылған.

Мойындалған тіл туыстығы негізінде туыстық, тектің жанды тамырлары жатқанын аңдамау мүмкін емес. Ең ежелгі халықтардан бізге бір мәлімі – арийлер. Ғылымда олар Үлы Дала, Орталық Азияға көп қатысыз түрде айтылады. Орағыта беретін бір тарих пен география. Үнді, Иран, еуропалық алман жұртының, Қап тауы халықтарының кей өкілдері, сосын, жақында ғана ашылған солтүстік Қазақстан шетіндегі Арқайым қаласы бұған дәлел... Ал Тұран жері, Воруқаша (Арал) жағасында тұғаны шындыққа келген дала пайғамбары Заратуштра тек арий шешіресін («Авеста», гаттар) баян еткен. Ал «Авеста» – атақты «Рамаيانа», «Ригведа», «Махабхаратаның» атасы ретінде мойындалған дүние. Ендеше не қисын?.. Көп стереотип қатарында мынадай да сірі көзқарас бар: Арийлер батыстан шығысқа (Үнді, Иранға) қарай көшкен. Енді бір жорамалда олар Шығыс Азиядан Үндістан түбегінің солтүстік-батысына жетіп, дем басқан. Екі жорамалды да қисын сұрақтарына жауап бере алмайтын тұстары баршылық. Ал ол халық Үлы Даланы өткелектей көшпей, осы жерде өсіп-өніп, Батыс-Шығысқа тараған болса ше? Бұл сұрақ қалыптасқан стандарттарға тым тосын. Өркіне, ғылым Тибет, Үнді, Ирандағы неместе Батыстағы айқынырақ арий арештарына қол артады. Бірақ арий өркеніеті ежелгі отанынан гөрі, осы, соңғы мекендерде елеулі өркендеуге жеткен (себебі, көшпi халықтарда пассионарлық қуаты зор болады) немесе ежелгі отанындағы олардың терен мұрасы әлі ашылмай жатқан болса ше? Кеше ғана дүниеге мәлім болған сенасиялық Арқайым осыған менземеі ме?

«Авеста». Өлемнің біраз жұрты өзіне тарта меншіктеп келген ұлы туынды. Осыны түркі тілдеріне қатысты зерттеу кемшіндігі көп айтылды. Және бұл бағытта мазмұнды зерттеу жұмыстары жүре бастады. (Т.Еңсегенов, «Авеста» – түркілерге ортақ мұра». С.Оспанов, «...Заратуштра қалай делді?») Мәселені осылай қою біраз шындық бетін ашқандай. Бізге мәлім «Авестадан» «гат (хат), дэв (дэу,

дино), ажидахака (аждаһа), дужахва (дозак), мазда (лаула, жан)» сөздері аудармасыз-ақ түсінікті сөйлеп тұрған жоқ па? Аталған авторлар бұлардан әрі, «Авеста, фраваш, братрештүр...» сөздерінің түркілік табиғатын айтады. Осыған бізден бір деталь: осы күні Арал маңында (көрішлес Қарақалпақта да, әсіресе, балалар жарғонында) «әри, әриано» деген сөз бар. «Бас көтеру, қатаю, өркетке дейін болу» дегенді білдіреді. «Арий» ұғымы да «мықты, лайықты, өркеуде» мәнді. (Қытай «шанью») мен қазақ «шәнион») еске алайық... Алғашың үндестік және мағыналық ұқсастық көзге ұрып тұр. Ал енді Арал жағасына елгі сөз қиян Оңтүстік Азиядан, әлде, Алманиядан келді деуге негіз бар ма? Жоқ. Анығында, асылдың сынығындай, кереметпен сакталып қалған осы арқимәдгер сөз көне тарих тамыры. (Зерттелетін сөз). Жоғарыдағы Дала «орағытқан» тарихтардың шын тұтабағыты осылай ашыла бастайды. Мұнан шығар тұжырым: әлемдік жауһар туынды, кей ғалымдарымыз айтып жүргендей, «түркіге ортақ» дүние емес – түркі текті туынды! Бұл ретте, сол кез іргесі жакын иранда түркі сөзі мол болып шығармадағы түркілік реңк сонан деу қисынсыз. Және десеніз, «Авестаның» отын қайта жакқан Әбілқасым Фирдоуси өлмес «Шахнаманы» тұрандық ақын Дакикидің 1000 өлеңінен дамытқанын еске алайық... «Авеста» өзіне иман келтірген, тарихи дереті мәлімсіздеу Шығыс Иран билеушісі Кави Виштаспаның ынтасы мен тұтас бір империяның дініне айналды. Көп өңдеу, сол ортаға бейімдеу, редакциялаудан өтті. Балқим, Виштаспа және үмбеттер ынтасы тұсында дала пайғамбары өмірде қой. Әлде, Тұрандағы ағайындарының ұзақ азапты қуғыннан кейін, діндеуе болатын жаңа мазхабылар ісіндеі өзіндік өңдеулерге қарсы болмаған. Өйтеуір, «Авеста» көп тезден өткен. Ең соңында Александр Македонскийдің өрт отына тап болған. Сонан қалған «Зенд Авеста» тәсірлі «Авестаның» алқындысы деуімздің мәні сол. (Терендеті зерттелетін бағыт).

Кезінде «Ананероб» деген атпен ізденіске шыққан бір топ, сірә, қатты аласан. Арий отаны мен қасиеттерін олар Тибеттен емес, мына кен даладан пісенттеп іздеуі керек еді. Бірақ ол ғұламалықтар үшін біздің дала сол кез аяқ жетпес алыс, қол жетпес аңсар болатын...

Ал 4000 мың жыл ілгері тарихта жатқан қытай, б.д.д. 4-5 ғасырда гүндар тақсынынан ұлы қорғанмен бөлектенгені болмаса, жағрафия тұрғысынан Үлы Далаға тым жақын, қоныс жұрт. Оның да ежелгі жазбаларында Хуанхэ-Янцзы алабына «батыстан келген» арғы аталары туралы дерек бар деседі. (Зерттеу қажет етілім мәлімет).

4.7 - 3.6 мың жылдық Миноя, Микен мәдениетінен бастау алатын «жас-тау» Еуропа өркеніеті және «тым жас» Америка өркеніетінің тарихы осы дәстүрлердің бергі тармақтары.

Тиграхауда, хаомаварға, парадарай сактары, кейін «түркі» аталған біздің түп аталарымыздан бұрынырақ (көп бұрын) өмір сүрген Үлы Даладағы (Атажұрттағы) халықтың негізі мен болмысын қапысыз пайымдау қиын. Мына ашық далада мәнді зат-айғақтар өшіп кеткен немесе әлі қолжетпей жерлерде жатыр. Кешегі 70 жылдық құрсаулы тарих бұл тұрғыда дала-ны мешеулікте қалдырды... Өйтсе де,

уақыт тұңғығына сәуле түсіретін тірі құбылыстар бар. Соның бірі – адамзаттың тіл әлемі, рухани, материалдық дәстүрлер тамырластығы. Тіл – әлемге тарау үдерісінде ірге бөлектеп, мыңжылдықтар деформациясына көп ұшыраса да, өзінің түп негізінен белгілер сактай алған, жады өлмес, негізін алдырмаз қасиетті, жанды құбылыс. Сонысымен ол аса құнды тарих куәгері, тарихи дерек.

Еуропа «жүрегінде» орын тепкен ең ежелгі халық кельттер (б.д.д. 1 мыңжылдық) қасқыр бейнелі соғыс кернейлерін – «карнико», жаманшылықты «вай» («ойбай») – жамандық одағайы» деген. Түркі, қазақтың «төбе, тепесі» – «тепетей» (Океания), «тепе» (Орталық Америка) боп тараған. Африкадағы Килиманжар – мына даладағы Мұңалжар, Қрқатау – Қаратау үндес. «Жол» асуы Үнді-Непал Гималайында тұр. Біз осы кезге дейін ағылшын текті қабылдан келген «Канада» үндістердің «қоныс, қонар жұр» сөзі екен. «Бұғы» – «қары(қар) бұға» делінеді. Бұларға қазақы түсінік қажет пе? Америка үндістері (жалпы, оларды «үндіс» атау қиянат, «протосактар» десе, сол жобаға келеді), Орталық, Оңтүстік Америка тіліндегі туыс табиғатты сөздер молынан дәлелденуі.

Бүгінгі әлемнің тіл әлемі. Сол қарындан асыл сынығындай құнды сарындар жетелді бізге. Зерде аямыз қамтыған төмендегі мысалдар: іргесі тым бөлек, әлемі мәртебесі биік ағылшын тілінен: «Уайт» (транскрипция – кең, ауқымды («ақ» мәнінен бөлек) – «байтақ» (қаз. – кең, ауқымды), «талк (тр-шя. – сөз, сөйлеу), толковать (орыс. түсіндіру) – «талқы» (қаз. – талқылау, сөйлеу), «свейейдж» (жабайы, табиғи) – «жабайы», «бей-би» (сөбі) – «бөпе», «голд», «золото» (орыс.) – «алтын», «солт», «сол» (орыс.) – «сілт, тұз», «эрос, эрот...» – «әурет, абүйір, ұятты жер», «ватер», «вода» (орыс.) – «су» (мұнда «батыру, батыратыны» деген функциональді-мағыналық үндестік) мысалдарындағы жақындық көзге ұрып тұр.

Тағы бір алыс тармақ – герман-кельт-роман тобы тілінің түп-туыстығы да дәлелденуі. Үлкен еңбек (жалпы, жоғарыдағы көп ойларға жолдас және үндес), салмақты зерттеу жазушы, ғалым Қойшығара Салғараұлының «Жер-жаһанда арғы атанның ізі бар» кітабы (Астана. 2015ж.). Бұл еңбекте толымды дерек, дөйек, мысал мол. Ал тамыры ежелде жатқан алман тіліндегі бүгінгі кей сөз ұқсастығына келсек: (жоғарыдағы еңбектер қамтуынан тыс) «лекер» – «лекер», «герр», «герман» – «ер адам», «хальт» – «қалт (тұру)», «унтер» – «өндір (жас, кіші)», «лаух» – «лауқы, лауқа (күлкі болу)» сөздері көзге «Курт», «Конрад» есімдері негезе жылыушырап тұр емес пе? Осы мысал өздерін арий жұртының тікелей ізбасары санайтын алман жұртының ежел тарихына тағы бір із сілтейді.

Үндіарий семьясы, роман тобына жататын испан, француз немесе Шығыс жақтағы қытай-тибет, жапон тілдеріндегі туыстық сыры – бір дүние. Өркіне, тілдер қасиетін теренірек салыстыра бағамдау үшін атаулы тілдің ортасында жүру, кем дегенде, соның маманы болу мақұл. Бір тіл 5000 жыл шамасында адам танығысыз өзгереді екен. (С.Оспанов, «Заратуштра...») Өлемде осы күні 31 тіл семьясы, 69 тіл тобы бар. ТМД аумағының өзінде 6 тіл семьясы, 19 тіл тобы бар. Қалың қауым ішінде қойсан, папуас, айн

сияқты, сан-тарау бұтақтар өрбіткен бізге мәлімсіздеу сөз саптау қаншама. Жіті назар осылардан көп қазына ашар еді. (Мақсатты түрде зерделенетін бағыттар). Тіл ғылымындағы белгілі-белгісіз жайттарды осылайша тізудегі мақсат – адамзат тарихының түп ақиқатын іздеу. Бұл талаптың түбінде – осы, Ата тіл факторынан туындайтын – Атажұрт, Ата дін ақиқаттары бой көтеріп тұрмақ.

Асылы, ислам дәуірінде енген саяси-қоғамдық әлеуетті араб, иран сөздері, кейінгі тарихтардың әлімжеттік «ізмдері» болмаса, Жібек жолының дәуірі кезінде де қазақ тіліне шет сөздер көптеп кірген деу негізсіз. Қазақ тілі, негізі, өз діліне, дәстүріне берік, адал тіл. Ал ежелгі тарихта өркеніеттер, дәстүрлер және тілдердің тарау векторы, негізінен, Үлы Даладан тепсініп жату заңдылығы, біздіңше, жоғарыда айтылғандай.

«...Көп түркі енші алысып тарасқанда, Қазаққа қара шаңырақ қалған жоқ па?» деген Мағжан өлеңіндегі ой іргесін арғы уақыттарға кеңейтіп, арғы мыңжылдықтарға ат қою қажеттігі ендігі тарихымызда аса ділгір. Үлы Даладан ұлы шерулер мыңдаған жыл бұрын әлемге тарай бастаған. Көштер (көшпенділер) дәстүрі тым теренде. Осы ретті біраз ойларымызды негіздей алсақ, заманауи ділгір сұрақтарға жауаптардың мәнді жаңа жолы ашылардай. (Өлем ауқымды батыл ізденістер жолы қажет). Ең бастысы, қиян қалған көне замандарда осы даладан тарап, кейін әлем өркеніеттерінің сан алуан үлгілерін өмірге келтірген нешеме жұрттардың қара шаңырақ жәдігерлері, не десе де, осы шаңырақта қалды. Бүгінгі адамзаттың түп отаны – Үлы Дала.

Өлем тілдерінен біздің зердеміз аясына түскен, аз, өте аз шамалы туыстық нышандары, сонан шығар ой жоғарыдағыдай. Біздің талап: сезген-білгенді ортаға салу, болашақта қызқты ізденістердің жаңа бағыттарын аша ма деген бір үміт, жазушы өресі жеткен ойлар.

Жекелеген халықтардың алуан наным-сенімдерінен жоғарырақ, сол сенімдердің бастауында тұрған бір Ата дін болуы мүмкіндігін де пайымдау аса мәнді... Классикалық дін – бір Жаратушыға иман келтіру шартына негізделген. 7 мың жылдық тарихы бар делінетін Тәңірі діні, міне, осы шартқа жауап берген ғана емес, соның бастау-көзін ашып тұрған феномен. Ежелгі өмір өрісі, тіл, дін – бір-бірімен тамырлас кешенді құбылыс. Арийлер заманының Тәңірі діні кейінгі тарихтарда будда, кришна, иудей, христиан, ислам діндері боп өркенді-өрелі бұтақтар тармақталды. Біздің тұжырымдауымыз, қорытындылауымыз дін постулатынан еске ала отырып, Тәңірі дінін біздің көзіміз жеткен Тарих көкжиегіндегі ең ежелгі діл, діндердің атасы деп айтуға уәж үлкен. Бір Жаратушыға, Оның періштелеріне, Пайғамбарларына, Қиямет Күніне иман келтірген барлық қанондық діндерді тұжырымдауымыз абзал дініміз мұны жоққа шығармас.

Бала кезімізде ертегі нәмінде айтатын көнелер сөзінде «қиямет-қайым» болғанда, он сегіз мың ғаламды бір тарынның қауызына сыйғызармыз» деген Жаратушы кереметін естінбіз. Жай, ертегі еді... Енді бүгінгі ғылым «мына ғарыш түпсіз вакуумдағы бір нүкте жарылысынан пайда болып, сұрапыл қозғалыста, секундтың миллиардтан бір бөлігінде осыншама кеңістікке тарап үлгерді» деген сенасиялық тұжырымға келді. Ендеше, сол ғарыштың бір тарынның миллиардтан бір бөлігінде осыншама кеңістікке тарап үлгерді» деген сенасиялық тұжырымға келді. Ендеше, сол ғарыштың бір тарынның қауызына қайта барып сыйып кетпесіне кім кепіл?... Ең мәндісі, ертегі деп жүрген көп жайт ақиқат тұғырына қонақтады. Осы қисын бір текті адамзат туралы ойды да шындық тұғырына орнықтыруды ғылымнан да, саналы ойдан да талап етіп тұр.

Өркеніеттер туыстығын сезіну – әлемде баракатты өмірге бастар жол. Осы күні дөйек-негізі аз болса да, дүниеде Атажұрт, Атахалық, Ата дін мәртебесіне таласқан том-том кітаптар жарық көріп жатыр. (Кей көңілдер аспанға негізсіз ұмтылады). Бұл жайт, кейде, ақиқат ізін қисымын іздеушілерді ыңғайсыздыққа қалдырады. Жәніл сен қуу, еркіндіктің балалық ауруы деген сияқты...

Үлы Дала, Тұран – Қара шаңырақ қасиетін ұстап қалған киелі мекен. Ата шаңыраққа саналы ұлдар тәу еткен, оны кіе тұтқан. Ата тіл қасиеті де сондай. Ата дін қасиеті де сондай. Анығы, азаттық ауанында, өзiмiздi де, төрiмiздi де тым зор санамай, тек шындыққа жүгіне, ақиқатқа қол талпырсақ, мына кен дала жұртының әлем қауымдастығы алдындағы мәртебесі биік болар сыйнайы. Бүкіл ғалам «Атажұрт» деп, бұл далаға тәу ете жосылып келеді деп отырған біз жоқ. Біздің мұрат – Үлы Дала кереметінің жаңа қырлары ашылар сәттерді жақындату.

Бұл мақала «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрген «Арий-Заратуштра-сақ: түп тарихымыздың терен арнасы» (2005 ж.) және «Үлы Дала: тамыры терен өркендер бастауы» (2011 ж.) еңбектеріміздің жалғасы

Сайлаубай ЖУБАТЫРҰЛЫ.

GASTROLDIK SAPAR

КАМЕРАЛЫҚ ОРКЕСТР – БОСНИЯ ЖӘНЕ ГЕРЦЕГОВИНАДА



ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы бас хатшылығының шақыруымен Қызылорда облыстық филармониясының камералық оркестрі ағымдағы жылдың 16-27 ақпан аралығында Босния мен Герцеговинада өтіп жатқан классикалық камералық оркестрлердің халықаралық фестиваліне қатысуда. Камералық оркестр гастрольдік сапармен Сербия және Венгрия мемлекеттерін де аралайды деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының мәліметінше, оркестр құрамында аспапта орындаушы 18 өнерпаз және қылқобыз солисі Айнуза



Бегімсалова бар. Оркестрдің дирижері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор, композитор Анвар Акбаров және Түркиядан келген дирижер Севал Кадыоглу, көркемдік жетекшісі – Анар Жаңбырбаева. Концерттің ашылу салтанатында Түркияның Сербиядағы елшісі Халдун Коч қатысушыларға алғысын білдіріп, камералық оркестр фестивалі көп жылдар бойы өткізіліп келе жатқанын айтты.

Облыс әкімінің мәдениет садына бойынша кеңесшісі Ержан Әбдірахманов бұл фестивалге облыстық камералық оркестрдің алғашқы қатысуы екенін атап өтті. «Бұл біздің оркестріміз үшін өте жақсы бастама болды», – деді Е.Әбдірахманов. Еске сала кетейік, 2014 жылы облыс әкімінің қолдауымен Қызылордада камералық оркестр құрылды. Оркестр ұжымы аймақта табысты өнер көрсетіп,

түрлі концерттерге қатысып жүр. 2016 жылдың қазан айында Алматы қаласында өткен «Әуен Фест» камералық оркестрлердің республикалық фестивалі-конкурсінде және 2018 жылдың маусым айында Түркияда өткен ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының 25 жылдығына арналған өнер фестивалінде үшінші орынға ие болды.

«СБ» ақпарат.

ИНТЕРНЕТТЕН ҮЙРЕН ДЕ ЖИРЕН

Әлеуметтік желіні Жер бетіндегі 7,5 миллиард адамның 3,5 миллиарды пайдаланады. Соғандық әсіресе мектеп жасындағы балалар арасында өршіл тұр. Себебі, интернеттегі ақпараттарды алуға шек қойылмаған балаға да, үлкенге де бірдей. Көбіне ата-аналары балаларының смартфоннан не көретінін қалағалымай жай ойнап отыр деп есептейтін ескерсек, атыс-шабыс ойындары мен қатыгездікке толы фильмдердің бала психологиясын жаулап жатқандығы жасырын емес. Осы секілді ақпараттардың өскелең жастағы баланы жауыздыққа жетелеп, ойлау қабілетін тежейтін де анық.

Интернет ақпарат алмасудың тиімді жолы болғандықтан, әркім әртүрлі пайдаланады. Бірі қызық үшін қараса, ендігі біреулер пайдалы деректерді өз тәжірибесіне енгізіп, жеке кәсібін дөңгелетіп отыр. Сонымен қатар, алаңдытықпен ақша тауып, қылмыс жасайтындар мен атак құып, абыройын айрандай төгетіндер де жеткілікті.

Әлеуметтік желі шексіз, шекарасыз лабиринт секілді. Бір кірсен, шырылмай, шыр айналып қаласын. Әуелі әуестіктен көріп, артынан тәуелділікке түсіп, соңында санасының ұланып, ұйқысының ұрланғанын байқамай қалғандар қаншама? Ал, тілге қатысты келекелер, интернетті бұрыңғай пайдалану салдарынан стилдік норманың бұзылып, тіл шұрайлылығы төмендеп, ойдың қасқандып бара жатқанын ешкім де жоққа шығара алмайды. Бұл, әсіресе, қолына қалам алып жүрген жастар үшін қауіпті жағдай болып отыр.

Елбасы Астанадағы Назарбаев университеті студенттеріне дәріс оқыған кезде «Кім кітапты көп оқыса, сол интернетте отырғандарды басқаратын болады» деген сөз айтқан еді. Кітап оқудың қаншалықты маңызды екеніне Мемлекет басшысының өзі осылай мән беріп отыр.

«Тамшы тас теседі» дегендей, қайта-қайта айтылып жүрген ойды қозғайтын бір себепшіміз «Жастар жылында» интернеттің торына телмірмей, кітап оқып, көзінен радиация сәулесін емес, ғұнбат нұрын өткізетін замандастарым көбейсе екен деген бір тілек еді.

Аружан МАХМУД, Қорық ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің 4-курс студенті.

АЛҒЫСЫМЫЗДЫ БІЛДІРЕМІЗ

Тосыннан болған жағдай қабырғамызды қайыстырды. Ардақты ұлымыз Әбназаров Нұрбол Оспанұлы қаңтардың 20-да қайғылы қазана ұшыраған болатын. Ол «Қазгермұнай» БК ЖШС-на қарасты «Ақша-булак» кен орнында операторлық қызмет атқарды. Отбасымызда болған қайғылы жағдайға ортақтасып, қайғымызды бөлексіні үшін баламыздың ұжымына, қызметтес әріптестеріне отбасымыздың атынан алғысымызды білдіргіміз келеді. Сіздердің отбасыларыңыздың аман, дендеріңіздің сау, жұмыстарыңызда абыройлы болуларыңызға тілектеспіз.

Оспан ӘБНАЗАРОВ,
Қызылорда қаласы.

ОI-TARAZY

БІЗ «КӨРМЕЙТІН» «ҚАЗАҚФИЛЬМ»

«АЙКА»: АДАМЗАТ АРПАЛЫСЫ


Самал Есләмоваға Канн кинофестивалінің жүлдесін бұйыртқан «Айка» – Қызылордада. Аяқталмаған өндірістік нұсқасымен-ақ жеңімпаз атанған «Айканың» елге өзінен бұрын атағы жетті. Киноны көрдік, көңілге көп ой түйдік. Самал «Ең үздік әйел ролі» атағын алса, алғандай екен.

Фильмде бір ұлттың емес, адамзаттың арпалысы бар. Самалдың жарқ еткен отты жанарындағы мұң мен тазалық фильм басталғаннан-ақ жандүниесіңді дір еткізеді. Жат жерде жалданып ғұмыр кешкен қырғыз қызының жанталас ғұмыры бар әр минутты ол шынайы сомдаған.

Режиссер Сергей Дворцов кино түсіру үшін Мәскеуге жұмыс іздеп барған қырғыз әйелдері туралы ақпаратты негізге алыпты. Статистикаға сенсек, бұл қалада 250-ден астам ана өмір ауырталығын және кеткен, сөбінін перзентханаға тастап кеткен. «Айка» – қорғаныс бен оны қанаушы таптың арасындағы арпалыс, әйелді бірде әрі, бірде бері итеріп, еден сілкілеген өмір туралы. Иті мен мысықтың үстінен шыбын ұшырмай, күшкістеріне дейін қаңғытпайтын қала тұрғындарының адамға көз қияғын да салмауы, «күл болмасаң, бұл бол» деген көзқарасы бүкіл әлемде бар жағдай. Фильмде бір тарапта – мысық, күштіктің қамын ойлап шыр-пыры шыққан байшықештер, бір тарапта сөбінен қашқан қорғаныс әйел бейнеленген. Бұл – адамдық қасиеттен алыстаған, тасбауыр, шарасыздың шырылын естігісі келмейтін бүгінгі қоғам бейнесі. Айканың әйел мен ер аралас тұратын лас хостельде қызғалдақты жек көретіні, ветеринариялық орталықтағы еден жуушы бірер күнге жұмысын тапсырғанда қуанған сәтті, қар үстінен мұз теруі, баласын босанған күнінің ертесіне құс тазалайтын жұмысына асығып, қашып кетуі – тірі жанның жанталасы. Бұл – бұрын өтіп кеткен жағдай емес, біздің заман, бүгінгі өмір. Сырттай салтанатты, сәнді қаланың сыры.

Фильмде есіңнен кетпейтіні Айканың таза әрі мұңды көзі деп едік қой. Басты кейіпкер 6 жыл бойы түсірілген фильм үшін еңбек сіңірмейті. Айка образы үшін Қырғызстанда бірнеше ай тұрып көрген. Фильмнің көп картинасы Мәскеудің аяқты қаритын қары мен суық жаңбырында түсірілген.

Самал Есләмова қазір – 35 жаста. Петропавлда дүниеге келіп, 19 жасында алғаш рет Сергей Дворцовтың «Гюльпанына» түскен. Режиссер психологиялық ауыр фильм «Айкадағы» басты рольге бірден Са-



малды бекіту туралы ойлағанын айтыпты. Өйткені актриса әр сәтті сезініп ойнамаса, көрерменді сендіру мүмкін емес. Ал ол қазақ қызының қабілетіне, нәзік те ұяң болмысының астарындағы шымдамды, қайсар мінезіне сенген. Қыстың ақ қар, көк мұзға қарамай жанкешті еңбек етудің нәтижесі белгілі. Самалға бұл роль әлемге әйгілі Канн кинофестивалінің жүлдесін ала келді. Ал «Айка» «Оскар» сыйлығына үміткер тоғыз фильмнің қатарына енді.

Бұл фильм соңғы уақытта тек комедияға бейімделген көрермен санасына ауыр соққы екені рас. Кинотеатрдан бұрынғыдай не болса соған күле бермей, көргеніңнің бүгінгі қоғам екеніне сене алмай, есенгіреп шығасың. Бірақ, бір қызығы бұл барған күні залда төрт-ақ адам болды. Көрерменнің аз болуын «Айканың» күніне тек бір рет, түстен кейінгі жұмыс уақытына қойылуынан болар дедік. Әйтпесе, әншілердің комедия киносы, фэнтези-қияли фильмдері шықса, бос орын таппайтын залда 4 адамның отыруы қызық көрінді. Әлде бұл көрерменнің талғамы мен таңдауы тек комедия жанрындағы фильмдерге түсетінінің белгісі ме? Өткен жылы «Әміре» фильміне барғанымызда да, көрерменді саусақпан санап алғанбыз...

ОЛАР ТҮСІРЕ АЛМАЙДЫ, НЕ БІЗ КӨРМЕЙМІЗ

Бізге киноға қатысты сөз қозғалса, қалайда бір сын айтылады. «Неге орыстар секілді түсірмейді», «мына тұрған өзбек пен қырғыз сияқты да фильм жасау қолымыздан келмейді» деп әлдекімі кінәлаймыз да жүреміз. Шындығында, олар жақсы кино түсірмейді не біз өзіміздің киноны көрмейміз. Жуырда «Қазақфильмге» байланысты сын айтқан вайнер жігіттің сөзінен кейін қазақ фильмдері туралы жиі сөз қозғалды. Бұған қатысты кинорежиссер, драматург Сатыбалды Нарымбетов былай деген еді: «Вайнер жігіт» «Қазақфильмнің» соңғы туындыларын көрмесе, оған кім кінәлі? Бармаған, көрмеген

Тыңдамаңыз. Біздегі киноның мәселесі кітап оқу жағдайына ұқсас. Екеуі де «мидың қорегі». Кітаптың пайдасын білсе де, оқуға ерінетіндер көп. Дәл солай, тарихи, мағыналы фильмге қарағанда, миға ауырлық салмай, күліп отыратын комедия көруге қолайлы. «Ойланайық» емес, «ойна да күл» деген ұстанымдамыз. Ендіше, «Тар заман», «Кейкі мергенді» көрмей тұрып, қазақ киносына жапатармағай сын айту орынсыз.

Қазақ актрисалары әлемге әйгілі, халықаралық Канн кинофестивалінің жүлдесін күнде алып жүрген жоқ. «Айка» – бүгінгі күннің шындығы. Бұл фильмге бүкіл әлем назарын аударып жатқанда, біздің жастар неге көрмейді?

Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы».

<p>Меншік иесі</p> <p>СЫР МЕДИА</p> <p>жауапкершілігі шектеулі серіктестігі</p>	<p>БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҒАРБАЕВ</p> <p>қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/70-00-36 40-11-10 (1002)</p> <p>БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ</p> <p>қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/40-02-17, 40-11-10 (1007)</p>	<p>Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)</p> <p>Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-49, 70-00-52 есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38, компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)</p>	<p>Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жарияландыр газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. "АК" - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.</p>	<p>Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.</p> <p>Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.</p> <p>Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.</p>
<p>www.facebook.com/syrboyi.kz/</p>		<p>https://twitter.com/syrboyi</p>		<p>www.instagram.com/syrboyikz</p>
<p>Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".</p>		<p>e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz</p>		<p>Кезекші редактор Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.</p>

Таралымы 29229
Тапсырыс №283